

Бекітемін:

Мектеп-интернат директоры

_____ Ж.Ахмедов

**«Жамбыл Қаппаров атындағы
№5 мамандандырылған физика-математикалық
мектеп-интернаты» КММ-нің
2020-2021 оқу жылына арналған
оқу–тәрбие жұмысының ж о с п а р ы**

02-01

Атбұлақ ауылы - 2020 ж.

«Жамбыл Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты» КММ-нің 2020-2021 оқу жылына арналған оқу–тәрбие жұмысының ж о с п а р ы

- I. Өткен оқу жылының қорытындылары және дарынды балалармен жұмыс істеудің 2020-2021 оқу жылындағы мақсаты мен міндеттері. Педагогикалық жұмыстардың концепциясы.
- II. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының іске асырылуы.
- III. Педагог кадрлармен жұмыс.
- IV. Оқу -тәрбие процесін ұйымдастыру және оған басшылық.
 - 4.1 Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және дарынды балалардың жеке шығармашылығын жетілдіру шаралары.
 - 4.2 Оқушылардың қабілетіне қарай саралап оқыту және жеке шығармашылық тұлға қалыптастыру.
 - 4.3 Инновация және IT технологияны оқу процесінде қолдану шаралары.
 - 4.4 Тәрбие жұмыстары және халық педагогикасы негізінде жүргізілетін шаралар.
 - 4.5 Сыныптан, мектептен тыс жұмыстар.Балалар мен жастар ұйымының жұмысы.
 - 4.6 Еңбекке баулу және нарық экономикасына бейімдеу жұмыстары.
 - 4.7 Спортпен шұғылдану,сауықтыру жұмыстары.
 - 4.8 Кітапхана жұмыстары.
 - 4.9 Интернаттағы тәрбие жұмыстары.
 - 4.10 Жаратылыстану пәндері мұғалімдерін үш тілде білім беруге дайындау шаралары
 - 4.11 Мұғалімдердің жаңартылған білім мазмұны бойынша біліктілігін арттыру жұмыстары
- V. Ғылыми-әдістемелік жұмыстар.
 - 5.1 «Н.Назарбаев зияткерлік мектептерінің» озат іс-тәжірибелерін оқыту-тәрбиелеу үрдісіне енгізу.
 - 5.2 Жоғары оқу орындарымен байланыс жұмыстары.
 - 5.3 Мұғалімдер мен оқушылардың ғылыми жұмыстары.
 - 5.4 Әдістемелік семинар жұмыстары және Ж.Қаппаров атындағы пән олимпиадасын облыстық деңгейде өткізу.
 - 5.5 Педагогикалық озат тәжірибелерді ендіру, зерттеу және жинақтау.
 - 5.6 Жас мұғалімдермен жұмыс.
 - 5.7 Мұғалімдердің шығармашылығын ұйымдастыру.
 - 5.8 Әр мұғалімнің жеке даму жоспарымен жұмыс жасауын қамтамасыз ету
 - 5.9 Коучинг, Лессон стади топтамаларын жүйелі түрде жүргізуге маңыз беру
- VI. Мектепшілік басшылық пен бақылау.
 - 6.1 Педагогикалық кеңес.
 - 6.2 Директор жанындағы кеңес.
 - 6.3 Қоғамдық ұйымдардың мәжілістері.
- VII. Ата-ана, жұртшылық және мекемелермен байланыс.
- VIII. Материалдық-техникалық базаны нығайту және шаруашылық жұмыстары.

Өткен оқу жылының қорытындысы және жаңа 2020-2021 оқу жылында дарынды балалармен жұмыс істеудің мақсаттары мен міндеттері

Түркістан облысының білім басқармасының « Жамбыл Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы «Дарынды балалар үшін мектептерді дамыту және мемлекеттік қолдау көрсету туралы» №3002 үкімі негізінде, облыс әкімдігінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы №380 шешімімен құрылған.

Мектептің бағыты - физика-математикалық. Мектептің алдына қойған мақсаты - облыс көлемінде математика және физика пәндеріне бейім, денсаулығы мықты оқушыларды іріктеп, оларға ғылым негізінде терең әрі тиянақты білім бере отырып, жеке тұлғаның шығармашылық, рухани қабілеттерін қалыптастыру.

Мектеп-интернат ғимараты 2014 жылы заманауи үлгіде салынған. Мектеп ғимараты- 400 оқушыға, жатақхана ғимараты-300 оқушыға арналған. Барлық үй-жайларының жалпы алаңы-10780,0 шаршы метр. Оқу кабинеттерінің саны-29. Оның ішінде соңғы үлгідегі арнайы пән кабинеттерінен 1 мультимедия кабинеті, 2 информатика кабинеті, 5 математика кабинеті, 4 физика кабинеті, 1 химия кабинеті, 1 биология кабинеті, 2 лингафон кабинеті жұмыс жасайды. Спорт залы, спорт алаңдары, жаттығу залы, мәжіліс залы, 130 орындық асханасы, кітапханасы бар. Кітап қоры-10294.

2019-2020 оқу жылында қазақ, орыс тілдерінде білім беретін мектептің 15 сынып комплектісінде 334 оқушы білім алды. Педагог кадрлардың ішінде Қазақстан Республикасы үкіметінің наградаларын иеленгендер саны - 2. Физика-математика ғылымдарының кандидаты-1, педагогика ғылымдарының кандидаты-1. Үш айлық біліктілік арттыру курсынан өткендер саны-18.

Білім мекемесі Шымкент қаласындағы М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетімен, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтымен, физика-математика және химия-биология бағыттарындағы «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарымен және Алматы қаласындағы О.А.Жәутіков атындағы республикалық физика-математикалық мектеп-интернатымен тығыз ғылыми-шығармашылық байланыста жұмыс жасады. Физика-математика пәндерін тереңдетіп оқыту үшін сабаққа қажетті методикалық, дидактикалық тағы басқа материалдар аталған білім ордаларынан алынды.

Қыркүйек айында мектеп әкімшілігі тарапынан 11-сыныптардан 4 рет ҰБТ байқау тесті алынып, оның орташа балы-93,7 болды. Педагогикалық ұжым әрбір байқау тест нәтижесіне мұқият анализ жасап, пән мұғалімдері оқушылармен жүйелі түрде қатемен жұмыс жүргізіп отырды.

05.09.2019ж күнге дейін оқушыларды алфавиттік кітапқа тіркеп, оқушылар қозғалысына бұйрық жазу жұмысы жүргізіліп, оқушылардың іс қағаздары ретке келтірілді.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ – мен байланыс жасалып, келісім шартқа сәйкес жұмыстар іске асырылды.

Жатақханада орналасқан оқушылардың ыстық тамағы, орналасқан бөлмелерінің санитарлық жағдайлары үнемі бақылауда болды.

Мұғалімдердің мамандығы, шеберлігіне қарай педагогикалық жүктеме бөлінді, сыныптарға жетекшілік тағайындалды, оқу кабинеттеріне мұғалімдер бекітілді, мұғалімдердің біліктілік санаттары белгіленді.

Мектеп әкімшілігі мұғалімдердің ішкі еңбек тәртібін сақтауын, еңбек заңдылығын орындауын үнемі қадағалап жауапкершіліктерін арттыру жұмысын қолға алды.

Сондай ақ мұғалімдердің санитарлық-гигиеналық, техника қауіпсіздік ережелерін орындауы, оқушылардың жазу, сызу құралдарымен қамтамасыз етілуі үнемі қадағаланды.

Негізгі, үйірме, сыныптан тыс жұмыстардың, тәрбие шараларының өту кестелері жасалды.

Оқу бағдарламалары, курстардың жоспарлары, олимпиадаға дайындық бағдарламалары талқыланып бекітілді. Сынып жетекшілердің тәрбие сабақтарын өту кестесі, мектепшілік басшылық пен бақылаудың кестесі жасалды.

Мектептің жарғысымен, жалпы ішкі тәртіп ережелерімен оқушыларды және ата-аналарды таныстыру жұмысы жүргізілді. Жолда жүру ережелерімен, техника қауіпсіздік шараларымен таныстыру, танысқандығы жайлы өздерінің арнайы журналына тіркеу жұмысы жасалды.

Күнделікті және тәрбие жоспарлары жасалып, бекітілді, І-ші жарты жылдықтағы өткізілетін ашық сабақтар мен тәрбие сабақтарының кестесі жасалды.

Филология пәндерінің онкүндігі өткізіліп, іс-шара жоспарына сай ашық үлгілік сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді.

Мұғалімдердің сағат жүктемесі жасалып, бекітілді.

Жатақханада қыркүйек айының жоспары бойынша тәрбиешілердің жалпы қызметкерлердің әрбір жұмыстары бақыланып, қаралды. Сонымен қатар секция бойынша орналастырылған оқушылардың төсек орындарының тазалығы қадағаланды. Жаңадан 7-ші сыныпқа келген оқушылардың түнгі демалу уақытына қатаң бақылау жасалды. Интернаттың әрбір қызметкерлері еңбек тәртібін бұзбай, тапсырылған жұмыстарды ойдағыдай атқарылды.

1-қыркүйек күні 7-сыныпқа қабылданған оқушылардың ата-аналарымен келісім-шарттарға қол қойылып, оқушыларға интернат ғимаратына ішек құртқа анықтамасыз кіргізілмейтіні ескертіліп, ата-аналарға тапсырылды, сонымен қатар тамақ құнын төлеу тәртібі түсіндірілді.

Интернат ғимаратында әр апта сайын жиналыс, тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбиешілерге де әдістемелік көмек көрсетілді.

Тәрбиешілер мен түнгі бала күтушілердің жұмыстарына бақылау жүргізілді.

Мектеп-интернат ғимаратында дәрігер мен медбике оқушыларға медициналық сараптама жүргізіп, оқушылардың денсаулығын қадағалады.

Мектеп психологы, сынып жетекші және тәрбиешілер жаңадан келген оқушылардың темперамент типтерін анықтап, психологиялық карталарын түзді.

Интернат тәрбиешілері мен оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы бірлесе отырып интернат ғимаратында 7-сынып оқушылармен танысу кешін ұйымдастырды.

Интернатқа кезекші мұғалімдердің өз уақытысында кезекшілікке келуі, сонымен қоса сенбі, жексенбі және мерекелік күндері интернат қызметкерлерінің кезекшілікке келуі үнемі қадағаланып тұрды.

9-10-шы қазақ, орыс сыныптарына жаңа бағдарламамен оқулықтар түгел әкелінді. Келген оқулықтар сынып бойынша бөлініп, тіркеу кітабына тіркелінді. Тіркелген оқулықтар мектеп оқушыларына сынып жетекшілері арқылы таратылды. Әр сыныптарға оқулықтардың жеткендігі қадағаланды. Бірінші орында тұл жетім, жағдайы төмен отбасынан шыққан оқушыларға оқулықтар таратылды. Қазіргі сәтте кітапхана қорында жалпы 11936 дана кітап бар. Оның 8271-і оқулықтар 3665-і көркем әдебиеттер. Оқырмандар саны-425.

Кітапханада «Отбасы-рухани жаңғыру негізі» тақырыбында көрме ұйымдастырылды. Оқырмандардың абонементтен алған кітаптары, оқырмандар залында оқыған кітаптары жүйелі түрде тіркеліп отырды.

Өскелең ұрпақтың білімге құштарлығын қалыптастыру және оқу жылының алдында мереке атмосферасын құру мақсатында дәстүрлі білім мерекесі «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» тақырыбында 1 қыркүйек- Білім күні салтанатты саптүзеу болып өтті.

Жиынға мектебіміздің зейнеткер ұстаздары, қамқоршылық кеңесінің мүшелері, ұстаздар, ата-аналар қатысты. Алғашқы қоңырауды ұлттық киім киген бүлдіршіндер мен үздік оқушы Дүйсен Нұржігіт соқты.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан -2050» «Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында Жаңа Қазақстандық Патриотизмді тәрбиелеуіміз керек» -деп , патриоттық тәрбиені маңызды стратегиялық міндет деп атап өтті. Осы мақсатта мектепте «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» жалпы республикалық азаматтық және патриоттық сабақтар саптүзеуден кейін, барлық 7-10 сыныптарда ашық адалдық сабақтары жалғасын тапты. «Болашаққа үміт, жастарға сенім» тақырыбында 11 б сынып, «Жастар – мәңгілік ел болашағы» 11 а, «Достойное слово, достойное дело, достойный человек» 9 в, «Мен өз елімнің патриотымын» 10 б, «Казахстан на пути к светлому будущему» 10 в, «Адал ұрпақ –мәңгілік елдің болашағы» 8 а, «Жеті қазына, жеті жарғы» 9 а тақырыптарында кездесулер, іскерлік ойындар, дөңгелек стол ақпараттық ресурстарды қолдана отырып тартымды өтті. Тәрбие сағаттарына ата-аналар, ұстаздар, келген қонақтар қатысты.

Оқушылар белсене араласып өз қызығушылықтарын көрсетіп, ойларын еркін жеткізе білді. Білім алушылар адамның азаматтық –патриоттық ұстанымын сипаттайтын адамның бойынан табылу керек қасиеттерін анықтады. Тәрбие сағаттары өз дәрежесінде өтіліп, мақсатына жетті.

Мектептегі тәрбие жұмысының нәтижелілігінің бір ұшы ата-анамен, қоғамдастықпен мектептің бірлескен әрекетінде екені ешуақытта күмән туғызбайды. Мектеп пен отбасының ынтымақтастығын жүзеге асыру мақсатында апталық іс-шара жоспары жасалынды. Жоспар бойынша 7 сыныптар арасында «Менің жанұям» тақырыбында сурет байқауы, мектеп кітапханасында ата-аналармен оқушыларға арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды. «Отбасының қоғам алдындағы рөлі» тақырыбында ата-аналармен конференцияда, қазіргі кездегі ата-ананың бала тәрбиесінде негізге алатын қағидаларын көрсете келе, отбасында берілетін тәрбиенің қоғамның дамуына әсерін айқындады. Ата-аналармен «Аяулы алақан» тақырыбында тренинг пен сауалнамалар жүргізілді. Оқушылар көмегімен көрсетілген ситуациялардан шығу жолдарын ата-аналармен талқылады.

Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым – қатынасты қалыптастыру, үлкенді сыйлауға, ілтипатты болуға тәрбиелеу мақсатында 11 «а» сыныбымен «Отбасы аяулы алақан мекені» тақырыбында пікір сайыс сабағы, 9 «а» сыныбымен «Отбасы – шаңырақтың айнымас тіреуі» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. «Отбасы - менің қуатым» тақырыбындағы ата-аналармен флешмоб, «Мен, сен, ол-салауатты жанұямыз» отбасылық спорттық эстафетамен жалғасын тапты. Апталық соңында Қазығұрт аудандық халық театрының «Ойран болған отбасы» спектаклі тамашаланды.

Қыркүйек айының 16-19 аралығында Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күніне арналған «Мәңгілік ел-мәңгілік тіл» тақырыбында апталық өтті. Апталыққа жоспар түзіліп жасалынды. «Тілім-тірегім, соғып тұрған жүрегім» тақырыбында апталықтың ашылуында «ҚР тіл туралы заңы бұрыштамасымен мектеп кітапханашысы А.Абдуллаева таныстырды. «Мәңгілік ел-мәңгілік тіл» айдарымен қабырға газеті шығарылып 7 сыныптар арасында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Оқушыларға ана тілінің маңызын түсіндіріп, өз тілін құрметтеуге, ардақтай білуге тәрбиелеу мақсатында 8 б сыныбымен «Адамға екі нәрсе тірек тегі, Бірі-тіл, бірі ділің жүректегі» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өтті.

Білім алушылармен өткен «Мәңгілік тіл-қалыптасқан мемлекеттің тірегі» тәрбие сағатының мақсаты оқушыларды өз ана тілінің қадір – қасиетін біліп, тіл көркемдігін сезініп, сөз құдіретін түсініп, оның адам өміріндегі маңызын ұғынуға, сөз қорларын молайтып, шешендік өнерге баулу болды.

«Polyglot» интеллектуалдық сайысы 7 сыныптар арасында ұйымдастырылса, «Тіл асыл ойдың бұлағы» тақырыбында эсселер байқауы өткізіліп, жеңімпаздар анықталды. Орыс тілі пәні мұғалімі А.Алпысбаева «Судьба языка-судьба народа» тақырыбында, ағылшын тілі пәні мұғалімі Г.Назар «Үш тілді білу-елге үлгі болу» тақырыбында қазақ, орыс, ағылшын тілінде зияткерлік сайыс өткізді. Қазығұрт ауданы жастар ресурстары орталығының дебат клубымен бірігіп «Қазақстан Республикасы үштілділікті қолдайды» тақырыбында дебат ұйымдастырылды.

Мектепте сайланған «Өзін-өзі» басқару ұйымының мүшелерінің белсене араласуымен мектебімізде «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе» тақырыбында 7-10 сыныптар арасында Абайдың қара сөздерінен,

поэмаларынан және әндерінен сайыс ұйымдастырылып, жеңімпаздар анықталды. Сайыс соңынан Қазақстан Халқы тілдер күніне арналған мектепшілік іс-шара жоспарына сәйкес атқарылған жұмыстар қорытындыланып, марапаттар табысталды.

Мектебімізде оқушылардың білімге ізденуіне және өз ойларын дәлелдеуге машықтандыру мақсатында пікір сайыс дебат үйірмесі ұйымдастырылып, оған оқушылар іріктелініп жоспар жасалынды.

Мектебімізде құрылған «Наркологиялық бекет» балаларды жат әдеттерден аулақ болу мақсатында жұмыс жоспарларын түзіп, «Мен наркотикке қарсымын» тақырыбында асфальтқа сурет салу конкурсын ұйымдастырды. Атамекен ұйымының 6 шаңырағы өз эмблемаларын, туларын, девиздері мен әндерінен шеру өткізді. Шаңырақтар құру мақсаты жоғарғы сынып оқушылары төменгі сынып оқушыларын қамқорлыққа алу арқылы көшбасшылық қабілеттерін дамытады.

Ортаңғы буын сынып оқушыларының бейімделу процесі мен мінез-құлқына диагностика жүргізу мақсатында Г. Айзенктің тесті, Мюнстенберг әдістемесі, қызыл-қара кесте және есте сақтау қабілеттерін анықтауға арналған диагностикалық жұмыс жүргізілді. Нәтижесі өңделіп, тәрбиешілерімен біргелікте дамыту сабақтары ұйымдастырылды. Тест нәтижесі бойынша жекеленген кеңес жұмысы мен топтық жұмыстар жүргізілді.

Өткізілген күні: 02.09-17.09.2019ж.

Қатысушылар: 7^{АБВ} сынып. Қатысқаны: 66 оқушы

Тестің тақырыбы: Оқушылардың таным процестерін диагностикалау.

Тесттің мақсаты: Оқушылардың таным процестерін анықтап, нәтиже шығару. Күтілетін нәтиже: бала бойындағы қабілеттері анықталып, бағыт-бағдар көрсетіледі.

Жаңадан қабылданған оқушылардың жаңа ортаға бейімделу процестері өте жылдам. Сынып ұжымымен қарым-қатынастары қалыпты. Тәрбиешілермен біргелікте достыққа, қарым-қатынасқа байланысты дамыту сабағы жүргізілді.

7-10-11 сынып оқушыларымен «Татулық бірліктің белгісі» тақырыбында тренингтер өткізілді. Мақсаты өзара қарым-қатынастарын нығайту болып табылады.

Елімізде 8 қыркүйек «Отбасы күні» деп жарияланғандықтан, мектепте 09.09-14.09.2019ж. күндер аралығында отбасы апталығы өтті. 14.09.2019ж. күні мектеп мәжіліс залында «Аяулы алақан» тақырыбында ата-аналарға арналған ағарту бағыты бойынша тренинг өткізілді. Онда шаттық шеңбері, сахналық көрініс, ой талқылау, рефлексия жасалды.

Мектеп ата-аналар жиналысында «Қамқоршылық кеңесінің» құрамы және жоспары бекітілді.

Қыркүйек айының алғашқы аптасында мектепке келген оқушыларға әлеуметтік сараптама жасалынды.

Тәрбиешілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөнінде мәліметтер жинақталып, сыныптар бойынша реттелінді.

Интернат асханасынан тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылар анықталып, бұл оқушылардың тиісті құжаттары реттелінді.

Әлеуметтік қамқорлықтағы оқушылардың оқулықпен қамтамасыз етілуі қадағаланды.

Оқушыларға тәрбие мен білім беру мен оларға әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету мақсатында әр балаға қолайлы жағдай тудыру, әр түрлі әлеуметтік категориядағы отбасы балаларымен жұмыс жасау, әлеуметтік көмекті ұйымдастыру, тек көмек күтуші емес мәселені шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан - дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстары ұйымдастырылды.

Қыркүйек айының алғашқы аптасында үлгерімі жоғары және қоғамдық жұмысқа белсене араласқан оқушылардан сауықтандыру лагерлеріне жіберілетін оқушылар тізімі жасалды. «Көкшетау-Балдаурен» республикалық сауықтыру орталығының 2019 жылғы 30-қыркүйек пен 19 қазан күндері аралығындағы XIII маусымына 9 –сынып оқушысы Абдрахманов Мурат жіберілді. «Қапшағай-Балдаурен» республикалық сауықтандыру орталығының 30.09 – 19.10. 2019 күндер аралығындағы XIII маусымына 8 сынып оқушылары Оралбек Дарын, Абдрасил Нұрсая, 9-сынып оқушылары Досова Аружан, Рысқұл Ерасыл жіберілді. Толық, толық емес отбасы балаларының тізімі жасалды. Сондай-ақ көп балалы отбасы балаларының тізімі мен оралман оқушылардың тізімі және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған оқушылар тізімі жасалынды. Ата-аналарынан бөлек тұратын оқушылар тізімі мен өгей ата-анасы бар оқушылар туралы мәліметтер жинақталынды.

Мектептің оқу - тәрбие жоспарында көзделгендей 1-қыркүйек «Білім күні» мерекесі құрметіне «Саналы ұрпақ –жарқын болашақ» тақырыбында салтанатты жиын болып өтті. Жиынға зейнеткер ұстаздар, еңбек ардагерлері, басқа ұлт өкілдерінен құралған ата-аналар қатысты. Мерекелік іс-шара барысында мектебіміздің директоры Ахмедов Жангибай Тинчилович сөз сөйлеп ұстаздарды білім күнімен құттықтады, білікті ұстаздарымыз білім министрінің алғыс хатымен марапатталды. Мерекелік іс-шарадан кейін 7-11 сыныптарда «Ел болашағы–білімді ұрпақ» тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру, ата- анамен бала арасында спорт мәдениетін кең тарату, оқушыларды және ата - аналарды сұлу да сымбатты, денсаулығы зор, күшті болу үшін денені шынықтыру, спортпен айналысудың қажет екендігін түсіндіру мақсатында мектебіміздің спорт зал кешенінде шаңырақ бірлестіктер арасында «Мен,сен, ол-салауатты жануямыз» атты «Толағай» отбасылық сайысы өз мәресіне жетті. Сайыста жеңіске жеткен жеңіпаздар мадақтамамен марапатталды.

Аудандық мәдениет үйінің жұмыс жоспарына сәйкес мектебімізге «Ойран болған отбасы» атты театрландырылған қойылым қойылып, оған жоғарғы сынып оқушылары қатыстырылды.

«Мәңгілік ел – мәңгілік тіл» тақырыбындағы апталық іс шара аясында өткізілген ашық тәрбие сағаттары өз дәрежесінде өткізілді. Атап айтар болсақ, «Адамға екі нәрсе тірек тегі, Бірі – тіл бірі– ділің жүректегі» атты ашық тәрбие сағаты жоғары деңгейде өткізілді.

Қазығұрт ауданы жастар ресурстары орталығының белді мүшесі Қайрат Ақтөре мырзаның қатысуымен Қазақстан үш тілділікті қолдайды» атты дебат, оқушылар арасында жоғары деңгейде өткізілді.

Қазан айының әр аптасында тест орталықтары дайындаған тест кітапшалары бойынша алынған байқау тестінің нәтижесі бойынша оқушыларға, ата-аналарға және пән мұғалімдеріне қозғау салып отыруға айрықша назар аударылды.

Байқау тесттерінен соң жеке қатемен жұмысқа көп мән берілді.

Шығармашылық топ отырысында ҰБТ-ға, ОЖСБ-ға дайындауда мол тәжірибесі бар білікті пән мұғалімдерінің шығармашылық есептері ұйымдастырылды.

25.10-28.10.2019ж күндері аралығы қорытынды апта болып, барлық негізгі пәндер бойынша тоқсандық қорытынды бағалар қойылды.

Интернаттың әрбір қызметкерлері еңбек тәртібін бұзбай, тапсырылған жұмыстарды ойдағыдай атқару мақсатында, жатақханада қазан айында дәрігер, медбике тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшілердің әрбір жұмыстары бақыланып қаралды. Сонымен қатар секция бойынша орналастырылған оқушылардың төсек орындарының тазалығы қадағаланды. Күнделікті оқушылардың түнгі демалу уақытына қатаң бақылау жасалынды.

Мектеп оқушыларының тоқсандық қорытынды бағалары бойынша тәрбиеші мен мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, бақылау жүргізілді. Әсіресе, ортаңғы буын оқушыларына баса назар аударылды. «3»-тік бағалары бар оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Интернат ғимаратында апта сайын жиналыс, тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбиешілерге де әдістемелік көмек көрсетілді. Тәрбиешілер мен түнгі бала күтушілердің де жұмыстарына бақылау жүргізілді. Мектеп және интернат ғимаратында медбике оқушыларға медициналық сараптама жүргізіп, оқушылардың денсаулығын қадағалайды. Мектеп психологы, сынып жетекші және тәрбиешілер жаңадан келген оқушылардың темпераменттік типтерін анықтап, психологиялық сараптамаларын, карталарын түзді.

Сенбі, жексенбі және мерекелік күндері интернат қызметкерлерінің кезекшілікке келуі үнемі қадағаланып тұрды.

Күнделікті оқушылардың білімдерін әр сыныптың тәрбиешілері тексеріп қадағалайды және де тиісті бөлмелерге бөлінді. Интернат ғимаратында оқушылардың жүріс-тұрысы, өзара қарым –қатынасы, киім киістері, тәртіптері үнемі қадағаланып, оқушыларға ескертілді.

Мұғалімдер күніне орай 11-сыныптың ұйымдастыруымен концерттік іс-шара өткізілді.

Оқушылар бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында мектеп ғимаратында спорттық күндер өтілді.

2019 жылдың қазан айының екінші жартысында мектептің жылдық жоспарына сәйкес орыс тілі мен әдебиеті пәнінің оқытылуы тексерілді.

Тексеру төмендегі критерийлер бойынша жүргізілді:

1. Мұғалімнің сабақ өту әдісі.
2. Оқушылардың сабаққа қызығушылығы, қатысуы.
3. Құжаттарды толтыруы.
4. Оқушылармен қарым-қатынасы.
5. Оқушылардың білімдерін дұрыс бағалауы.
6. Оқушы дәптерлерінің жүргізілуі.
7. Сыныптағы психологиялық жағдай.

Жалпы 4 орыс тілі мен әдебиетті пәні мұғалімдерінің сабақтарына талдау жасалынды.

Қазан айында атқарылған жұмыстардың басы «1 Қазан –қарттар күні»-көнекөз қарттарды қатыстыра отырып «Асқар тауда асыл көп, аталы сөзде ақыл көп» тақырыбында ауылдың қариялары мен зейнеткер ұстаздармен кездесу өтті. 10 «а» сынып оқушыларының ұйымдастыруымен өткен кездесудің негізгі мақсаты:үлкенді құрметтеуге,сыйлауға,мейірімділікке адамгершілікке тәрбиелеу.Аталар сөзінен ғибрат алып,қарттардың қазыналық ақылдарын тыңдай отырып,үлкендерге ән шашуын жолдады.

«Жасыл ел» бағдарламасы бойынша мектеп жанында тазарту жұмыстары жүргізілді.Ұйым жетекшісі Ж.Елікбаеваның басқаруымен «Жасай бер –Жер ана» тақырыбында пікір сайыс өтті.

07.10.2019 ж 7 «в» сыныбында ата –баба дәстүрін жалғастыру, әдептілікке, ізеттілікке тәрбиелеу мақсатында «Теплые руки бабушки освещает мир» тақырыбында әжелермен кездесу болды.

04.10.2019ж 11 сыныптар ұстаздар күніне арнап «Аяулы ұстазым» тақырыбында музыкалық кеш ұйымдастырды.Кештің мақсаты ұстаз еңбегін бағалауға, құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. Әр Шаңырақ топтары ұстаздарға арнаған газеттерін шығарды.

05.10 2019ж қазақ тілі пәнінің үйірме жетекшісі Б.Әмірбекова «Өнерлі өрге жүзеді» мақал мәтел сайысын өткізді.

08.10.2019 ж 9 ,10 сынып оқушыларымен тарих пәні мұғалімі И.Бегайдарова «Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы» тақырыбында конференция өтті.Тарих пәні мұғалімі Қ.Ербосын «Адамға құқық не үшін қажет», деген тақырыпта төменгі сынып оқушыларына өз құқықтары жайлы мағлұмат берді. Мектеп психологі А.Ниязбекова оқушыларды достыққа,сыйластыққа, адалдыққа,адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында сыныпттармен 14.10.2019ж «Сенің достарың» тақырыбында тренинг өтті.

02.10 2019ж мектебімізде Шаңырақ топтарымен ЖЕР;СУ; АУА экологиясы тақырыбында макет және экибана жасап,оны қорғады.

Қазан айының 11не Шаңырақтар арасында «Алтын күз» сайыс түрінде өтті.Жеңімпаздар анықталып,марапатталды.

«Мен нашақорлыққа қарсымын» тақырыбында асфальтқа сурет салу конкурсына да оқушылар қызығушылықпен қатысты.

10.10.2019ж мектеп дәрігері жұқпалы аурулардан сақтану жолдары жайлы мектеп оқушыларымен әңгіме жүргізді.

21.10 2019ж 8 сыныптар «Қазақстан достық пен бейбітшілік тірегі» тақырыбында тәрбие сағаты ,16.10.2019ж Д Кененбаев 11 сынып оқушыларымен «Кім болам» кездесуін және «Діни экстремизм мен терроризм тақырыбында баяндама тартымды өтті. «Экология –өмірдің жүрегі» тақырыбында өтілген ашық сабақтың

мақсаты оқушының ойлау қабілетін жалпы дүниетанымын, табиғат байлығын көздің қарашығындай қорғайтын азамат болуға тәрбиелеу.

Сабақта «танысу аялдамасы», «киностудия аялдамасы», «қасірет аялдамасы», «өнер аялдамасы», «үнемшіл», «қорықтар» аялдамалары арқылы жүріп өткен оқушылар мақсаттарына жетті.

Мектептегі әр оқушыға әлеуметтік диагностика, әр сыныпқа әлеуметтік паспорт және мектептің әлеуметтік паспорты жасалынып, әр оқушы зерттелді. Әлеуметтік жағынан аз қамтылған 70 оқушы төмен отбасы балаларына қатарына жатқызып, жалпы есепке алынды. Әлеуметтік қамқорлықтағы оқушылар оқулықпен түгел қамтамасыз етілді.

Қазан айында әр оқушыға әлеуметтік карта жасалынды. «Балдаурен-Қапшағай», республикалық сауықтыру орталығының 30.09-19.10. 2019 жылы күндері аралығындғы ХІІІ маусымында 8 сынып оқушылары Оралбек Дарын, Абдрасил Нұрсая, 9 сынып оқушылары Досова Аружан, Рысқұл Ерасыл атты оқушылар демалып қайтты. «Көкшетау-балдаурен» сауықтыру орталығына 9 сынып оқушысы Абдерахманов Мурат демалып қайтты.

Көп балалы, тұрмысы жағдайы төмен, жартылай жетім және қамқорлыққа алынған оқушылардың әлеуметтік төл құжаттары жасалды.

Дәстүрлі «Алтын күз» мерекесі шаңырақтар арасында ынтымақтастық қарым-қатынастар туғызу, оқушыларды достастыру, бірлесіп жұмыс жасауға үйрету мақсатында 6 шаңырақ көшбасшыларының ұйымдастырылуымен сайыс түрінде өтті.

Қазан айындағы жоспарға сай бірінші апталығында 9-11 сынып оқушыларының мамандыққа икемділіктерін анықтау мақсатында Дж.Голланд сауалнамасы алынды. Алынған сауалнама нәтижесі өңделіп, диаграммаалары шығарылды. Тәрбиешілер мен сыныптың ата-аналарына таныстырылды.

7-сынып оқушыларымен «Орта, мен, отбасым» атты тақырыпта дамыту сабағы мен шығармашылық сабағы өткізілді. Ондағы мақсат – оқушылардың жаңа ортадағы қабілеттерін ашық көрсету болып табылады. Мұнда арттерапия әдісінің түрлері қолданылып, оқушыларға бағыт-бағдар көрсетілді. Түрлі-түсті қағаздардан фон беру арқылы тапсырмаларды жасап шықты.

9-10 сынып оқушыларына «Сенімділік кілті» атты бағдарламасының жұмысын жүргізу мақсатында дөңгелек үстелдер мен тренингтер ұйымдастырылды. Мұнда сынып ұжымы өзара қарым-қатынас, сенімділік, жауапкершілік тақырыптарында пікір алмасты.

Мектепте кәсіби бағдарлау бойынша айлық жүргізілді. Қазан айының бірінші апталығында 9-11 сынып оқушыларының мамандыққа икемділіктерін анықтау мақсатында психологиялық сауалнамалар алынып, нәтижесі ата-ана мен тәрбиешілеріне таныстырылды. Сыныпаралық тренингтер ұйымдастырылды. Екінші апталығында әлеуметтік педагог Д.Кененбаев оқушыларға кәсіптік шаруашылық туралы ақпарат беріп өтті. 11-сынып оқушыларының арасынан 20 оқушы Шымкент қаласындағы «RIXOS» қонақ үйінде шет елдік мамандар, «Болашақ» бағдарламасы түлектерінің қатысуымен өткізілген жәрмеңкеге

қатысып қайтты. Оқушылар өздеріне қажетті ақпарат алып, мамандықтардың қыр-сырын ұғынып қайтты.

Оқушылардың дінге деген көзқарасын анықтау мақсатында **«Мен және менің дінге көзқарасым»** атты сауалнамасы алынды. Сауалнамаға 7-11 сынып оқушыларынан 337 оқушы қатысты. Нәтижесі өңделіп, пайыздық көрсеткіші шығарылды.

9абв сыныптардың қатысуымен «Алынбайтын асу жоқ» тақырыбында дамыту сабағы өткізілді. Ондағы мақсат сынып ұжымындағы ұйымшылдықпен, қарым-қатынасты нығайту болып табылады.

«Бүгін халақаралық қарттар күні» тақырыбында 8 сыныптармен кітапхана ішінде тәрбие сағаты өткізілді. Кешке бақшада бірнеше жыл еңбек етіп, енді бейнетінің зейнетін көріп отырған қарт ардагерлеріміз қонақ болды. Кештің құрметті қонақтарына арнап әсем әуендер шырқалып, игі тілектер айтылып жатты. Кітапханада «Отбасы бақыт мекені» тақырында көрме ұйымдастырылды.

Мектеп әкімшілігі 11-сынып оқушыларын қажетті тест материалдарымен қамту бойынша бірқатар жұмыстар жүргізді. Атап айтсақ мектептегі информатика кабинетіндегі компьютерлерге электронды тесттер орнатылып, 11-сынып оқушыларының осы тесттер бойынша дайындылуын реттейтін жұмыс кестесі жасалып, толыққанды жағдай жасалды.

9А,Б,В сынып оқушыларынан ОЖСБ байқау тесті алынып, нәтижесі бойынша жүйелі түрде қатемен жұмыс жүргізуге терең мән берілді.

20.11.2019ж күні «Н.Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының озат педагогикалық тәжірибесін пән мұғалімдеріне меңгертуді мақсат еткен «Критериалды бағалау жүйесі-сапалы білім кепілі» тақырыбындағы мектепшілік семинар-кеңес болып өтті. Мектебіміздің 52 пән мұғалімінің басын қосқан семинар-кеңесте баяндамашылар слайдтар қолдана отырып, лекция түрінде зияткерлік мектептердің тәжірибесінде қолданылатын критериалды бағалау жүйесі жайлы жан-жақты түсіндіре келіп, аталған тәжірибе бойынша пән мұғалімдеріне нақты тапсырмалар жүктеді. Сондай ақ баяндамашылар мұғалімдердің зияткерлік мектептердің тәжірибесі жайлы ізденуіне жағдай жасау үшін шығармашылық топтардың ғаламторға енуін, пән мұғалімдерінің Шымкент қаласындағы облыстық әмбебап кітапханалардан ізденуін, тьюторлардың ғаламторды қолдануын, пән мұғалімдеріне ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің дәрістерін ұйымдастыруды реттейтін жұмыс кестелері жайлы мағлұмат беріп, слайдтардан көрсетіп өтті. Семинар-кеңес мүшелері баяндамашылар тарапынан берілген әдістемелік кеңестер мен тапсырмаларды тыңдай келіп бірауыздан:

1. «Ж.Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқу-тәрбие үрдісіне «Н.Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының озат педагогикалық тәжірибесін енгізу бағдарламасы» жүзеге асырылсын;

2. Педагогикалық ұжым аталған бағдарламада көзделген іс-шараларды жүзеге асыруға белсене атсалысып, өздеріне жүктелген функцияларды жауапкершілікпен атқарсын деген екі ұсыныс жасады.

25.11-26.11.19ж. күндер аралығында жас мамандар физика пәнінің оқытушысы Д.Тружникова пен ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Г.Назардың сабақтарына тәлімгерлердің бір апталық ескертусіз енуі ұйымдастырылды. Тәлімгерлер бір апта бойы аталған екі жас маманның сабақтарына еніп, сабақ өту әдістемесін, теориялық даярлық деңгейлерін мұқият бағамдады, іс-құжаттарын жүргізу деңгейіне, қоғамдық жұмыстарына сараптама жасады. 26.11.19ж. күні осынау іс-шара нәтижесін шығаруды мақсат еткен жас мамандар мен тәлімгерлер қатысқан дөңгелек үстел болып өтті. Тәлімгер ұстаз Н.Мырзакулова сөз алып, жас маман Д.Тружникованың сабақтарға теориялық даярлық деңгейіне, сабақ өту әдістемесіне, мұғалім іс-құжаттарын жүргізу жұмысының сапасына, өткізген ашық сабақтары мен сыныптан тыс іс-шараларына, қоғамдық жұмыстарына жан-жақты сараптама жасап өтті. Тәжірибелі педагогтардың сабақтарына көп енуге, пәні бойынша білімін жетілдіре түсуге, сынып журналын толтыру жұмысына қатысты ұсыныстарын ортаға салды.

Тәлімгер С.Маликова жас маман Г.Назардың сабақ өту әдістемесі жайлы пікірін айтты. «Сабақтарда қызығушылығы төмен оқушылармен жұмысқа айрықша көңіл бөліп, әр жаңа сабақ өткенде және сабақ сұрағанда алдымен соларға көңіл бөлу қажет және сыныптың үздік оқушыларын үлгерімі төмен оқушыларға жеке-жеке бекітіп білім деңгейінің көтерілуіне тікелей жауапкершілігін қалыптастыру да оң нәтиже береді»- деп атап көрсетті С.Маликова. Дөңгелек үстел қорытындысында жас мамандар Д.Тружникова мен Г.Назар тәлімгерлердің ұсыныстары мен пікірлері өздеріне мол тәжірибе мен сабақ болғандығын айтып, кемшіліктерін жою бағытында жұмыс жасайтындықтарын айтты. Дөңгелек үстел қорытындысында оның мүшелері аталған жас мамандардың педагогикалық қызметін қанағаттанарлық деп тану жайлы және аталған жас мамандарға айтылған ұсыныстар мен кемшіліктерді жою бағытында жұмыс жасау туралы ұйғарымдар жасады.

«Ұлағат» шығармашылық тобынан С.Маликованың, «Зерде» шығармашылық тобынан Л.Сарибаеваның, «Парасат» шығармашылық тобынан Т.Момбиеваның жаңартылған білім беру мазмұны жайлы шығармашылық есептері шығармашылық топтар отырыстарында тыңдалды және аталған мұғалімдер көрсетілген күндер аралығында жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бір ашық сабақтарын практика жүзінде көрсетті. Шығармашылық топтар ұйғарымымен барлық шығармашылық есептер педагогикалық мерзімді баспасөзде жарық көруге жолданды.

Ай бойында «Жас ғалым» ғылыми қоғамы мүшелерінің ғылыми-шығармашылық жұмыстары тьюторлық қызмет негізінде жүзеге асты.

Интернаттың әрбір қызметкерлері еңбек тәртібін бұзбай, тапсырылған жұмыстарды ойдағыдай атқаруы мақсатында, жатақханада қараша айында дәрігер, медбике, тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшілердің әрбір жұмыстары бақыланып қаралды. Сонымен қатар секция бойынша орналастырылған оқушылардың төсек орындарының тазалығы қадағаланды. Күнделікті оқушылардың түнгі демалу уақытына қатаң бақылау жасалынды.

Интернат ғимаратында апта сайын жиналыс , тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбиешілерге де әдістемелік көмек көрсетілді. Тәрбиешілермен қоса түнгі бала күтушілердің де жұмыстарына бақылау жүргізілді. Мектеп ғимаратымен қоса интернат ғимаратында медбике оқушыларға медициналық сараптама жүргізіп, оқушылардың денсаулығын қадағалады. Медбике оқушыларға медициналық сараптама жүргізіп, оқушылардың денсаулығын қадағалады. Мектеп психологы мен бірлесе сынып жетекші және тәрбиешілер жаңадан келген оқушылардың темпераменттік типтерін анықтап, психологиялық сараптамаларын, карталарын түзді.

ДТІЖО-ның түзген кезекшілік кестесіндегі кезекші мұғалімдердің өз уақытысында, сонымен қоса сенбі, жексенбі және мерекелік күндері интернат қызметкерлерінің кезекшілікке келуі үнемі қадағаланып тұрды.

Күнделікті оқушылардың білімдерін әр сыныптың тәрбиешілері тексеріп қадағалады және де тиісті бөлмелерге бөлінді. Интернат ғимаратында оқушылардың жүріс-тұрысы, өзара қарым –қатынасы, киім киістері, тәртіптері үнемі қадағаланып, оқушыларға ескертілді.

2019-2020 оқу жылының қыркүйек айында өткен оқу жылының мамыр айында ұсынылған ғылыми тақырыптар бойынша жұмыстарды мектепшілік іріктеу жұмысы өткізілді. Іріктеу жұмысына ОҚПУ доценті Бердалиева Тилла Досыбековна, ДТІЖО Нурсейтов Алишер Ауезханович, мектептің педагог ұйымдастырушысы Бегімқұл Талғат Жұмабергенович, педагог-психолог Ниязбекова Арайлым Хамидуллаевна қатысты.

Жиынға жалпы 72 жұмыс қатыстылып, оның ішінен 28 жұмыс мектепшілік іріктеуден өтіп, облыстық іріктеуге ұсынылды.

2019 жылғы 29-30 қараша күндері Түркістан қаласындағы Н.Оңдасынов атындағы Дарын МИ базасында өткен республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңіне 7 жоба (9 қатысушы) жолдама алды.

Ұлы Жібек жолының пайда болу тарихын, Жібек жолының сауданы, шаруашылықты, халықаралық қарым – қатынасты дамытудағы тарихи маңызын ашуда , оқушыларды Отан тарихындағы мәдени құндылықтарды бағалап, қастерлеп, сақтай білуге тәрбиелеу мақсатында тарих пәні мұғалімдері Қ.Ербосын « Ұлы жібек жолының қалыптасуы және тарихи маңызы» мен А.Эмм «Великий шелковый путь: направления, торговля, значение» тақырыптарындағы сабақтарын өтті.

Мектеп ата-ана, ұстаз болып бірігіп,сапалы, білімді, саналы, тәрбиелі,салауатты ұрпақ тәрбиелеу мақсатында 7.11.2019ж.. «Ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлі» тақырыбында 8 сынып ата –аналарына баяндама оқылып ,соңынан « балаңызбен бір-біріңізді түсінесіздер ме?» тренингі жүргізілді.

09.11.2019ж күні өтілген 11 «а» сыныбындағы «Біз таңдайтын кәсіптердің тиімділігі неде?», 11 «б» сыныбындағы «Сен қандай мамандық таңдайсың» (дөңгелек стол), 11 «в» сыныбындағы « Өз келешегіңді таңдай біл!» (Пікірталас,кездесу) тақырыптарындағы іс-шаралар ішкі еркіндікті, жігерлілікті,өзіне деген сенімділікті дамыту арқылы,мамандық таңдауға баулуға бағытталды.

14.11.2019ж күні оқушыларды жауапкершілікке,ұқыптылыққа үйрету мақсатында «Оқулық,күнделік –оқушы айнасы» тақырыбында рейд ұйымдастырды.Рейд қорытындысы шығарылып, күнделік толтыруда,оқулықты тыстауда жекелеген оқушыларға ескертулер жасалды.

«Салауатты өмір салтын сақтау-болашақты жақтау»тақырыбында медицина қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылды.

16.11.2019ж күні «ҚР Бала құқықтары Заңы», «Сен өз міндетіңді білесің бе?, «Жасөспірім және заң» тақырыптардағы іс –шаралар мектепшілік құқық онкүндігі аясында өткізілді.

Оқушыларды ата-анасына,отбасы мүшелеріне деген сыйластыққа тәрбиелеу мақсатында 18.11.2019 ж күні 9 а,б сыныптарында «Әке –парызы,ана қарызы» ,«Тәрбие мен білім ажырамас ұғым» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.

Мектебіміздің «Дебат» пікір сайыс клубы аудандық дебат клубы мүшелерімен кездесу өткізді.

Есірткі заттардың зиянын түсіндіру,салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін 8 және 9 сынып оқушыларына «Нашақорларға алыс мұң,алыс қайғы,өзі бірақ өмірден алыстайды» атты бейнефильм көрсетілді.

23.11.2019 ж күні «Жалпыазаматтық құндылықтар күніне жоспар түзіліп 8 «б» сыныбында «Сүйіспеншілік өмір өзегі», 7 «б» сыныбында «Қиянат жасамау құндылығы», 9 «а» сыныбында «Дұрыс әрекет құндылығы» 10 «а» сыныбында «Шындық шыны ақиқат» тақырыптарында азамат құндылықтарын оқушы бойына қалыптастыру мақсатында тәрбие сағаттары өтілді. Қазақ тілі пәні мұғалімі Б.Әмірбекованың ұйымдастырылуымен мектебіміздің «Абай тану» үйірмесі «Абай шығармашылығынан» челендж өткізілді.

Аз қамтылған отбасының оқушыларымен әлеуметтік психологиялық диагностикалық жұмыстары және 20% тамақ құнынан босату құжаттарын реттеу

жұмыстары жүргізілді. 25 және 26 қараша күндері «Ұлттың Ұлы Мұрасы» тақырыбында Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына және Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы құрметіне Шаңырақтар арасында мектепшілік іс-шара ұйымдастырылып, онда хор, театрландырылған көрініс және «Дәлме—дәл» қойылымдары бойынша сайыс жүргізілді.

26.11.2019ж күні «Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында дөңгелек стол Е.Атамқұловтың ұйымдастыруымен өткізілді. «Жігітке жеті өнер де аз» тақырыбында ұл балалардың бойында ақылдылық, ерлік, өрлік, өнер сүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру мақсатында ұлдар ұйымының сайысы 28.11.2019ж өтілді. «Елін сүйген Елбасы» тақырыбында Президент күні 29.11.2019ж 7 сыныптар арасында өткізілді.

Толық емес, көпбалалы және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар мен әлеуметтік статустағы оқушылардың интернат асханасынан тегін тамақпен қамтылуы қадағаланды. Аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушылар кітап қорымен қамтамасыз етілді. Мектептегі әр оқушыға әлеуметтік диагностика, әр сыныптың Әлеуметтік паспорты және мектептің Әлеуметтік паспорты жасалынып, әр оқушы зерттелді. Әлеуметтік жағынан аз қамтылған 70 оқушы төмен отбасы балаларына қатарына жатқызып, жалпы есепке алынды.

Мектептің оқу - тәрбие жоспарында көзделгендей 6-7 қараша күндері мектепшілік пән олимпиадасы өз деңгейінде болып өтті. Мектепшілік пән олимпиадасынан топ жарып шыққан оқушылармыз I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталды.

Психологияның алдын-алу бағыты бойынша ортаңғы және жоғарғы буын сынып оқушыламен диагностикалық жұмыс жүргізілді. 7 абв сынып оқушыларымен Кондаштың қобалжу әдістемесі алынып, нәтижесі өңделді.

ҰБТ байқау тесттерінде төмен нәтиже көрсеткен оқушыларға пән мұғалімдерінің жеке қосымша сабақтары қойылды.

Оқушыларды электронды және қағаз форматындағы жаңа тест материалдарымен қамтуға көп мән беріліп, базалық тест мектептің баспа құралдары арқылы кітапша түрінде шығарылып, оқушыларға берілді, сондай ақ оқушылар жекелеген пәндер бойынша базалық тест материалдарымен қамтылды.

Мектептегі интерактивті тақтасы бар оқу кабинеттеріне электронды форматтағы тест материалдары орнатылып, 11 сыныптардың сабақтарының мүмкіндігінше сол кабинеттерде өтуі қарастырылды.

Әр апта сайын ҰТО дайындаған тест кітапшалары бойынша алынған байқау тестінің нәтижесі бойынша оқушыларға, ата-аналарға және пән мұғалімдеріне қозғау салып отыруға айрықша назар аударылды.

Байқау тесттерінен соң жеке қатемен жұмысқа көп мән берілді.

Шығармашылық топ отырысында, Методикалық бірлестік отырысында ҰБТ-ға, ОЖСБ-ға дайындауда мол тәжірибесі бар білікті пән мұғалімдерінің шығармашылық есептері ұйымдастырылды.

11-сыныптардағы таңдау пәндері бойынша байқау тест нәтижелері өз деңгейінде болмай, төмен көрсеткіштермен сипатталды.

ОЖСБ-ға қосымша дайындық сабақтары оқу бағдарламасындағы барлық негізгі пәндер бойынша қойылып, жүйелі түрде жалпы және индивидуалды дайындық жұмыстары жүргізілді.

9А,Б,В сынып оқушыларынан 3 рет ОЖСБ байқау тесті алынып, нәтижесі бойынша жүйелі түрде қатемен жұмыс жүргізуге, ата-аналармен байланысқа терең мән берілді.

9-сынып оқушыларымен және олардың ата-аналарымен келісе отырып, ата-ана қаражаты есебінен оқушылар ұлттық тестілеу орталығы әзірлеген тест кітапшаларымен қамтамасыз етілді.

Оқушылардың 1 жарты жылдық бойынша үлгерімі жайлы мәліметтер жинақталып, анализ жасалды және АББ мен ОББ-на қажетті есептер берілді. Барлық пәндер бойынша тоқсандық қорытынды бағалар қойылып үздіктердің, оқу екпінділерінің және үші бар оқушылардың үлесі төмендегі кестедегідей болды:

к/с	мазмұны	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып	11-сынып	мектеп бойынша
1	II тоқсан соңындағы оқушы саны	67	74	77	65	53	336
2	Оқу озаты	10	10	9	4	7	40
3	Екпінділер	55	64	66	60	46	291
4	«3»- бар оқушы	2	0	2	1	0	5
5	Таза-3	0	0	0	0	0	0
6	Үлгермеушілер	0	0	0	0	0	0

Мектепшілік басшылық пен бақылау кестесіне сай, 2019 жылғы желтоқсан айының бірінші, екінші апталарында мектептегі тарих, география пәндерінің оқытылуын мектеп әкімшілігі тарапынан тексеру жұмысы жүргізілді. Тексеру барысы төмендегідей бағыттардан тұрды:

1. Мұғалімдердің сабақ өту әдістемесіне анализ жасау
2. Дирекция тарпынан байқау тест алу.
3. Іс-құжаттарының жүргізілуін тексеру
4. Негізгі, және шығармашылық-зерттеушілік әрекет негіздері пәндерінің жоспарлануын қарау
5. Оқушыларды пән олимпиадаларына дайындау жұмыстарын тексеру
6. ОЖСБ (Оқу жетістіктерін сырттай бағалау) және ҰБТ іс-құжаттары мен оған дайындықты тексеру.
7. Сыныптан тыс жұмыстардың жүргізілуі (ақысыз үйірмелер т.б)

8. Әдіс бірлестікте тарих және география пәндерінің қаралуы

Жатақханада желтоқсан айының жоспары бойынша тәрбиешілердің жалпы қызметкерлердің әрбір жұмыстары бақыланып, қаралды. Интернат ғимаратында әр аптаның сәрсенбі және жұма күндері жиналыс, тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбиешілерге де әдістемелік көмек көрсетілді. Тәрбиешілермен қоса, түнгі бала күтушілердің де жұмыстарына бақылау жүргізілді. Мектеп ғимаратымен қоса интернат ғимаратында дәрігер, медбике оқушыларға медициналық сараптама жүргізіп, оқушылардың денсаулығын қадағалады. Мектеп психологымен бірлесе сынып жетекші және тәрбиешілер жаңадан келген оқушылардың темпераменттік типтерін анықтап, психологиялық карталарын түзді.

ДТІЖО-ның түзген кезекшілік кестесіндегі кезекші мұғалімдердің өз уақтысында, сонымен қоса сенбі, жексенбі және мерекелік күндері интернат қызметкерлерінің кезекшілікке келуі үнемі қадағаланып тұрды.

Интернат ғимаратында оқушылардың жүріс-тұрысы, өзара қарым-қатынасы, киім киістері, тәртіптері үнемі қадағаланып, оқушыларға ескертілді.

Күнделікті оқушылардың білімдерін әр сыныптың тәрбиешілері тексеріп қадағалап отырды.

Оқушылардың қысқы демалысқа шығуына байланысты оларға жол қауіпсіздігі және өз бетінше қыдыруға болмайтындығы қатаң ескертіліп, өмір қауіпсіздігі ата-аналарына және туыстарына жүктелді. Оқушылардың білім деңгейлерін айтып, үздік болған оқушылар мадақталып, өзге оқушылардың олардан үлгі алу қажеттілігі айтылды. Күнделікті оқушылардың түнгі демалу уақытына қатаң бақылау жасалынды.

Интернаттың әрбір қызметкерлері еңбек тәртібін бұзбай, тапсырылған жұмыстарды ойдағыдай атқарды.

7 сынып оқушыларымен 1 желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы!» атты ашық тәрбие сабағы өткізілді. Сабақтың басты мақсаты оқушыларға Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы оның тәуелсіз Қазақстанның еңсесін тіктеп, мемлекетімізді мығымдап бергені, Қазақ халқын әлемге танытып, алаш баласының абыройын асқақтатқаны жайлы айта отырып жас ұрпақты осы тұлғадан үлгі алуға тәрбиелеу.

1-желтоқсан – Халықаралық СПИД-ке қарсы күрес күніне орай мектебімізде 9 сыныптар арасында «ЖҚТБ (СПИД) ауыруынан қорғанудың жолы, салауатты өмір салтын ұстау» тақырыбында тәрбие сағаты, 10 сыныптар арасында «СПИД-тен сақтан!» тақырыбындағы кездесу мақсаты аурудың алғашқы және негізгі белгілері, одан сақтану жолдары, оның жұғу жолдарынан сақтана және қорғана білу, жаман әрекеттерден аулақ болуға тәрбиелеу. Мектеп дәрігері мен медбикенің

ұйымдастыруымен 11 сыныптар арасында дөңгелек үстел «Сақтан ұрпақ –зиянды әрекеттерден» тақырыбында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өтілді.

10 желтоқсан «Халықаралық құқық күніне» орай 9 «а» сынып оқушыларымен балалар құқығы туралы декларация жайлы тәрбие сағаты олардың құқықтық білімдерін арттыру және заң алдындағы жауапкершілікті арттыру мақсатында өткізілді. 10 және 11 сынып оқушылары арасында «Өз заңым –өз арым» тақырыбында ата заңымызды қадірлеп ,ҚР азаматының ар намысын құрметтеу жайлы лекция ұйымдастырылды. Арнайы бұрыш жасалынды.

10.12.2019ж 8 сынып оқушыларымен өткізілген «Тәуелсіздік Желтоқсаннан басталады» атты ашық тәрбие сағатының мақсаты өз отанының патриоты болуға азаматтық,теңдік,толеранттылық,адалдық қасиеттерін бойына сіңіруге тәрбиелеу.

11.12.2019ж 10 сыныптармен өткізілген «Тәуелсіздіктің білімді ұрпақтары» , «Моя гордость независимый -Казахстан»тақырыбындағы сайыс оқушылардың танымдылық белсенділігін арттырды. 12.12.2019ж «Желтоқсан желі ызғарлы ...» атты мерекелік іс-шара өтілді. Оған мектебіміздің ұстаздары, 10,11 сынып оқушылары тәрбиешілер, Желтоқсан оқиғасының куәгері химия пәні мұғалімі Әлтай Гүлнәр қатысты.

Мектепішілік «Ұлттың ұлы мұрасы» тақырыбындағы шаңырақтар арасындағы фестиваль Абай Құнанбаев пен Әл-Фараби еңбектерін әр жандрда насихаттады.

«Менің отаным» тақырыбындағы сурет байқауы оқушылардың танымдық қабілеттерін арттырды.Желтоқсан айында Республикалық «BILIM-ORKENIETI» Ұлттық инновациялық ғылыми зерттеу орталығының ұйымдастыруымен «Туған жердің әр тасы біздің алтын тағымыз» атты республикалық суретшілер байқауында Үсен Мерей, Лесбаев Шынғыс, Сапарғали Нұрсұлтан Қалжигитов Қайрат «Ұлы даланың жас дарыны» төсбелгісімен марапатталып ,суреттері кітапқа шықты.

7 сыныптармен өтілген «Діни экстремистік және террористік ұйымдардың түпкі мақсаты» тақырыбында өтілген іс-шара мақсаты теріс ағымдағы діни террористік ұйымдар туралы ақпараттар бере отырып,оқушылардың діни сауаттылығын арттыру.

«Ж.Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты» КММ-нің ұйымдастыруымен 2019 жылы 16 желтоқсан күні «Еліміздің болашағын жарқын ететін-Жалынды жастар!» атты облыстық мектеп оқушылары арасында пікірсайыс турнирі өтті.Мектебіміздің пікір сайысшысы Тайлақов Жандос ауданда өткен «Жастар форумы-2019ж» аудан әкімінің «Жас сайысшы» номинациясы дипломымен марапатталды.

Мектебімізде 23.12.2019ж Ж.Қаппаровтың туған күніне орай сыныптарда тәрбие сағаттары өтіліп, мектеп музейінде жалғасын тапты. Жамбыл ағаның ғылыми жұмыстары, кандидаттық диссертациясы туралы мағлұматтар берілді.

Рейд ұйымдастыру арқылы оқушылардың күнделіктерінің ұсталу дәрежесі бақыланды. Сыныптарда «Ата салтын сақтаймыз», «Тәрбие көзі – отбасы», «Еңбекпен тапқан нан» тақырыбында тәрбие сағаттары болды.

25-27 желтоқсан күндері оқушылардың «Армысың жаңа жыл » мерекелік кеші бекітілген кестеге сай әр сыныпта уақытында өтілді. Аяз – атаның сыйлықтары «Ең үздік музыкалық ән шашу», «Ең жақсы жаңа жылдық сурет», «Жаңа жылдық карновалдық костюмге» берілді. Концерттік бағдарламалар мен қойылымдарда доңыз жылын шығарып салып, тышқан жылын қарсы алған оқушылар бір-бірлеріне жылы лебіздерін білдірді.

2019-2020 оқу жылының желтоқсан айында республикалық пән олимпиадасына дайындық жұмыстары күшейтілді. Барлық пәндерден арнайы кесте бойынша күнделікті олимпиадаға дайындық жұмыстары жүргізілді. Мектепшілік пәндік олимпиада 2019 жылы 5-6 желтоқсанда өткізілді. Олимпиадаға 7-11 сынып оқушылары түгел қатыстырылды. Екі күнге арнайы олимпиаданы өткізу кестесі түзілді. Мектепшілік олимпиада қазылар алқасы пән бірлестік жетекшілері бекітілді және төрағасы болып директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Қ.Жамантаев бекітілді. Олимпиада барлық негізгі пәндерден өткізілді. Оқушылардың орындаған жұмыстары уақтылы тексеріліп, жеңімпаздар анықталып, хаттамалары толтырылды. Әр пән бойынша I және II орын алған оқушылардан барлық негізгі пәндер бойынша олимпиадалық резерв тобы құрылды. Олар арнайы түзілген кесте бойынша келесі кезеңге дайындық жұмыстарын жүргізді.

Әділқазылар алқасы және төрағасының шешімімен, мектеп-интернат директорының қолдауымен, төмендегі кестеде көрсетілген оқушылар тізімі Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасына сұраныс етіп берілді.

21 желтоқсан күні облыстық мамандандырылған мектептер арасында 10-11 сыныптардан физика-математика пәндері бойынша «Х Жамбыл Қаппаров олимпиадасы» өткізілді. Нәтижесі төмендегідей болды:

Математика пәні бойынша 10 сынып оқушылары: Ерден Омар III дәрежелі дипломмен, Керімхан Саят II дәрежелі дипломмен, физика пәні бойынша 11 сынып оқушылары: Қалыбек Досжан I дәрежелі дипломмен, 11 сынып оқушысы Мырзақұл Гүлжан мадақтама қағазымен марапатталса, физика пәні бойынша Бас жүлдені, 50 000 теңгелік сертификатты 10 сынып оқушысы Халбулат Қуандық жеңіп алды.

7абв сынып оқушыларының ақыл-ой деңгейлерін анықтау мақсатында ШТУР тесті алынып, нәтижесі өңделіп, сынып тәрбиешілеріне таныстырылды. 4

субтесттен құралған 10 сұрақтық тапсырмалар ұсынылды. Мұнда оқушылар қазақ тілі, математика, салыстыру секілді тапсырмаларды орындап шықты.

7-сынып оқушыларының топпен ынтымақта, ауызбірлікте болуы мақсатында «Ойымды тап» атты тренингі өткізілді. Мұндағы мақсат – оқушылардың жұппен, топпен бірлесе тапсырмаларды орындай алу іскерліктерін қалыптастыру болып табылады.

Жоспарға сай мектебіміз тірек мектеп болғандықтан айдың басында «Ұлттың ұлы мұрасы» тақырыбында аймақтық семинар өтті. Семинарда психология бағыты бойынша мамандармен тимбилдинг өткізілді. Мақсаты – кезкелген ортада белсене араласып, ортақтасып жұмыс атқару болып табылады.

10-11 сынып оқушыларының ЖОО-ры мен мамандықтар туралы қосымша ақпараттар алу мақсатында Нұр-Сұлтан қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің бітіруші түлегі Анарбай Айтжанмен кездесу ұйымдастырылды. Мектеп оқушылары өздерінің ойларында жүрген сұрақтарына толықтай жауап алып, өзара пікір алмасты.

9а сынып оқушыларымен «Өзгеден табылмайтын өз қасиетім» атты дамыту сабағы ұйымдастырылды. Мұнда әрбір оқушыға қорапшадағы адам бейнесі көрсетілген суреттер таратылып, сол бойынша әр оқушы өз ойын ортаға салды. Бала өзінің мінез-құлқын берілген адам бейнесімен салыстыра отырып, жағымды және жағымсыз тұстарын бейнелеп, әрі ауызша баяндап берді.

Әр аптаның сәрсенбі және жұма күндерінде ҰБТ-ке қатысушы оқушылармен дамыту сабақтары ұйымдастырылады. Мақсат- оқушының кезкелген ситуациядан шыға білу іскерлігін дамыту болып табылады. Мәселен, «Мен өз өміріме қожайынмын», «Алынбайтын асу жоқ», «Қарауыл» атты сабақтары ұйымдастырылады. Өткізілген дамыту сабақтарында оқушы «Дәл осы жерде» және өзгені бағаламау қағидасын ұстанып, берілген тапсырмаларды тиянақты орындап шығу қажет. Сынама тест кезіндегі жауап парағының дұрыс боялуын дағдыландыру мақсатында оқушы қолына жауап парақшаларының көшірмесі берілді.

Мектепішілік басшылық пен бақылау кестесіне сай, мұғалімдердің жаңа технологияны қолдануы және білім сапасын арттыруы, Үйірме жұмыстарының жүргізілуі, Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытылуы мектеп әкімшілігі тарапынан тексерілді.Тексеру қорытындысы бойынша анықтамалар жазылып, Директор жанындағы кеңес қарауына ұсынылды.

Ай бойында 11-сыныптардың «Алтын белгі» белгісіне үміткер оқушылары мен Үздік аттестатқа үміткер оқушыларының ерекше үлгідегі білім туралы құжаттарды алуға қажетті іс-қағаздарын рәсімдеу жұмыстары жүргізілді.

«Жас ғалым» ғылыми қоғамы мүшелерінің ғылыми-шығармашылық жұмыстары жоспарға сай жүзеге асты.

Жатақханада қаңтар айының жоспары бойынша тәрбиешілердің жалпы қызметкерлердің әрбір жұмыстары бақыланып,қаралды.

Интернат ғимаратында қаңтар айының 9-ші жұлдызынан бастап сәрсенбі және жұма күндері жиналыс, тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбиешілерге де әдістемелік көмек көрсетілді.

Тәрбиешілер II жарты жылдыққа жасалынған тәрбие сағаттарының жоспарларын бекітті. Тәрбиешілермен қоса, түнгі бала күтушілердің де жұмыстарына бақылау жүргізілді.

Мектеп ғимаратымен қоса интернат ғимаратында дәрігер, медбике оқушыларға медициналық сараптама жүргізіп, оқушылардың денсаулығын қадағалады.

Эстетикалық пәндер әдіс бірлестігінің онкүндігі өткізілді. Онкүндіктің іс-шара жоспарына сәйкес қабырға газеттерінің көрмесі, оқушылардың қолөнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылды. Әдіс бірлестіктің әрбір мүшесі ашық сабақ, сыныптан тыс іс-шара өткізді.

«Бүгінгі Семей Арал теңізінің қауіпсіздігі» тақырыбында 8-сынып оқушыларымен ашық тәрбие сағаты өткізілді. Оқушылар мұнда Арал теңізі мен Семей өңірінің экологиялық проблемалары жайлы пікірлерін ортаға салды.

II жарты жылдықтың жоспарына сай ортаңғы және жоғарғы буын сынып оқушыларына арналған сауалнамалар мен дамыту сабақтары ұйымдастырылып, хаттамалары жазылды. Әр аптаның сәрсенбі және жұма күндері 11^{А,Б,В} сынып оқушыларынан құралған екі топтың оқушыларымен тренинг сабақтары өткізілді. Мақсаты – сынама тест барысындағы психологиялық ахуалды қалыптастыру, өзіне деген сенімділігін арттыру болып табылады.

Мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмысты алып баруда «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық» тақырыбында облыстық ішкі істер бөлімінің қызметкерлерімен кездесу өткізілді. Мамандар оқушыларды қылмыстың түрлерімен таныстыра отырып, сұрақтарына жауап берді. 9-11 сынып оқушыларының мамандық және ЖОО-ры туралы толықтай мәлімет алу үшін облыстағы М.Әуезов атындағы университеттің мамандарымен кездесу өтті. Әр салаға қатысты маман презентация қорғап өтіп, мағлұмат берді.

Телекоммуникация, IT саласы, педагогика және ғылым кафедраларының мамандары оқушыларға көптеген мәліметтерімен берді..

Эстетикалық пән әдіс бірлестігі онкүндігі аясында өңіраралық шахматтан жарыс ұйымдастырылды.

«Туған жердің әр тасы біздің алтын тағымыз» атты тақырыптағы сурет көрмесі жоғары дәрежеде ұйымдастырылып өткізілді.

2020 жыл 5-6 қаңтар күні Шымкент қаласындағы ОҚМПУ (Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті) базасында өткен жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңіне (*Әрі қарай - Олимпиада*) мектептен 35 оқушы қатысты. 2020 жылғы 6 қаңтар күні 24 оқушы II турға қатысып, 11 оқушы жүлделі II және III орындарға ие болды, 2 оқушы – II орын, 9 оқушы – III орын.

Математика пәні бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінен II орын алған 10 сынып оқушысы Керімхен Саят Жамбылұлы 3-7, 10-14 ақпан аралығында Кентау қаласына олимпиадалық резервінің құрамында болып, дайындық жұмыстарынан өтті.

13.01.2020 ж. күні оқушыларға денсаулықтың қымбаттылығын, өмір сүру қажеттілігінің бағалы байлық екенін түсіндіру, денесін шыңдауға, шымыр да шапшаң, ұқыпты да жинақы, талғампаз да қанағатшыл, таза да әдемі болуға тәрбиелеу, шығармашылық қабілетін дамыту, сөйлеу шеберліктерін жетілдіру мақсатында «Зиянды заттардан аулақ бол!» тақырыбында ашық үлгілік тәрбиелік кеш өткізілді.

«Семья и права ребенка» атты тақырыпта барлық сыныптар арасында тәрбие сағаттары өтілді. «Бала құқығы туралы», «Білім туралы», «Неке және отбасы туралы» заңдарға сыныптардың тәрбиешілері жеке тоқталып, сұрақтарға жауап берді. Барлық сыныптар өкілдері бас қосқан дөңгелек үстелде әлеуметтік педагог Д.Кененбаев аталған заңдардың баптарына, оның ішінде ата-аналардың балаларының алдында тең құқылы, яғни отбасының еріне немесе әйеліне ерекше бір артықшылық т. б. берілмейтіні жайлы 68-бапқа, «Ата-ананың құқықтарын баланың мүддесінде жүзеге асыру» жайлы 72-бапқа жан-жақты тоқталып, адамның қадір-қасиетін кемсітетін немқұрайлықты, қатыгездікті, дөрекілікті болғызбау қажеттілігі жайлы атап өтті.

Үздік және қоғамдық жұмыстарға белсенді араласатын оқушылардың ішінен сауықтыру лагерьлеріне жіберуге лайықтылар анықталды. Олар: 7 а сыныптан Ермеков Санжар, Құдайберген Үміт, Надырбек Асем, Айтмырзаев Абдыхалық Сапархан Абдығани, Тағабай Дана, 8 а сыныптан Тасман Қайыржан, Жақсылық Гүлмира, Қанлыбай Назерке, 9 а сыныптан Әріпбай Нұрай, Құттыбек Шұғыла, Хасен Исмайыл, 9 б сыныптан Тастан Жанерке, Сапарали Нұрсұлтан.

Ақпан айы бойында 11-сыныптың «Алтын белгі» белгісіне үміткер оқушыларының аталған белгіні алуға қажетті құжаттарын дайындау жұмыстары жүргізілді.

Айдың әр аптасында 11-сынып оқушыларынан ҰБТ байқау тесттері алынып, нәтижесі бойынша оқушылармен, пән мұғалімдерімен және ата-аналармен қажетті жұмыстар жүргізілді.

Ақпан айында алынған байқау тест нәтижесін басшылыққа ала отырып, әр пән бойынша мониторингілеуге және қатемен жұмысқа жіті мән берілді.

Ақпан айының 03.02.2020ж күні Республика көлемінде жыл сайын атап өтетін «Махаббат пен шығармашылық педагогикасы» онкүндігінің салтанатты ашылуы өтті. Сап түзеуде оқушыларға онкүндік мақсаты таныстырылып, мектептің алты шаңырақ қауымдастықтарының атқаратын жұмыстары баяндала келе, өзін-өзі

танудағы 5 құндылық туралы айтылып өтілді. ӨӨБҰ-ның оқушылары шағын видеоролик түсіріп, онда жалпы Сара Алпысқызы Назарбаеваның ұсынған жобасының қазіргі таңда мектеп оқушыларына көптеген көмектерін тигізгендігі туралы баяндалды.

Мектеп кітапханасында «Мейірім төгетін ана» атты тақырыпта көрме ұйымдастырылды. Өзін-өзі тану пәні бойынша әдеби кітаптар мен журналдардың бірнеше айдарлары осы көрмеге қойылды.

04.02.2020ж күні «День добрых пожеланий» атты тақырыпта 7 «в»-10 «в» сынып оқушыларының ұстаздарына деген қошеметтері мен ізгі тілектерін білдіру күні жүргізілді. Әр сынып өзінің шығармашылығынан туындаған керемет ән шумақтарын арнап, безендірілген конвертте ұсынды.

Мектептегі шаңырақ қауымдастықтарының бірлігі мен ынтымақтастықтарын арттыру мақсатында «Бейбітшілік», «Достық» тақырыбында 3d форматта қабырға газеттері жасалынды. Шаңырақ қауымдастықтарының топ басшылары өз суреттерін қорғап өтті.

7 «а» сынып оқушыларымен «Адами қарым-қатынас жарастығы» тақырыбында сабақ өткізілді. Мақсаты – адамдар арасындағы жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру болып табылады. Дәйексөзбен мәтінді талдай келе, сынып оқушыларының қарым-қатынас көрінісі ретінде мектеп ауласында аққала жасатылды.

05.02.2020ж күні «Мейірімді жүректер ынтымақтастығы» атты тақырыпта акция өткізілді. Мектепті бітірген түлектердің демеушілігімен мектеп кітапханасына оқушылардың сұранысында жүрген кітаптары алынды.

«Тәрбиеші - бала жанының бағбаны» атты тақырыпта тәрбиешілермен тәжірибе алмасу кездесуі ұйымдастырылды. Тәжірибелі маман А.Сәрсенбекова өзінің еңбек жолындағы өткен қызықтары мен оқушылармен қалай жұмыс жасау керектігі туралы пікір алмасты.

9б сынып оқушыларымен алтыншы ақпанда «Ұжымдағы ынтымақтастық» тақырыбында сабақ өткізілді. Ондағы мақсат – ынтымақтастыққа даяр болу, өзара көмек және қолдау көрсету болып табылады. Сынып оқушылары арнайы дайындаған материалдарын көрсетіп, сахналық көріністер әзірлеп, талдау жасады. «Құлақтан кіріп бойды алар, Әсем ән мен тәтті күй» тақырыбында 07.02.2020ж күні музыкалық кеш өткізілді. Мұнда шаңырақ қауымдастықтардың мүшелері домбырада, жеке дауыста әндерін орындап, флешмобтарын көрсетті. Мектептің домбыра үйірмесіне қатысатын оқушылардың оркестрі өз өнерлерімен бөлісті.

9-сынып оқушылары арасында сайыс сабағы өткізілді. Мұнда оқушылар дәрумендер мен биологиялық тасымал заттарының жағымды қасиеттерімен

бөлісті. Екі команда оқушылары топпен постер қорғап, дәруменнің құрамын қасиеттермен алмастырып айтты.

7-10 сынып оқушыларының арасынан іріктелген дебат клубымен «Мен жақсы көре аламын ба?» тақырыбында 08.02.2020 ж. күні пікір сайыс ұйымдастырылды. Орта және жоғарғы буындардан арнайы топтар жасақталып, тақырып аясында қызу талқылау өтті. Қысқа метражды видеоролик көрсетіліп, сұрақ-жауап әдісі жүргізілді.

7-10 сынып оқушыларының ата-аналарының қатысуымен «Толағай» спорттық сайысы өткізілді. Сайысқа 4 команда қатысты.

1. Тұлпар тобы - 10а сынып Қасымбек Назерке ата-анасымен;
2. Қыран тобы – 7а сынып Валихан Ақбаян ата-анасымен;
3. Дарын тобы – 8б сынып Жұмабай Сабина ата-анасымен;
4. Ұлан тобы – 9б сынып Шегірбай Асылзат ата-анасымен

Сайыста төрт болғандықтан, екі команда болып жарыс өткізілді. Өздеріне берілген сандар бойынша сайысып, әкелері отжиманиеден, аналары қол күректен сайысып, соңында арқан тартыс ұйымдастырылды. Нәтижесі әділ-қазылармен өңделді. I орын «Тұлпар» тобы, II орын «Қыран» тобы, III орын «Дарын» тобы және ынталандыру сыйлығымен «Ұлан» тобы марапатталды.

10.02.2020ж. күні «Алтын жүрек анамыз» атты тақырыпта әдеби кеш өткізілді. Мұнда оқушылар Сара Алпысқызы Назарбаеваның өмір жолымен таныстырылып, оқушылар өздерінің жеке шығармашылықтарын дамытуға мүмкіндік алды. Ән шумақтары шырқалып, шағын видео ролик тамашаланып, сұрақ-жауап тәсілі жүргізілді.

11.02.2020ж. күні «Ана мен бала денсаулығы» атты тақырыпта мектеп дәрігері А.Сапарова презентация қорғап өтті. Онда бала мен аналардың денсаулығына қатысты мән берілетін үлкен мәселелер жөнінде тілге тиек етілді. Арнайы әзірленген слайд көрсетіліп, оқушылардың сұрақтарына жауап берілді.

8 сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында әр сыныпқа түрлі тақырыпта түрлі-түсті қағазда, пластелинмен тапсырмалар берілді. Жұмысты оқушылар топпен орындады. Әр топ өз туындыларын қорғап өтті.

12.02.2020ж күні мектебімізде «Сүйіспеншілік – өмір негізі» атты тақырыпта барлық сыныптарда ашық сабақтар өткізілді. Әр сыныптың талқылаған мәселелері әртүрлі болды. Сынып тәрбиешілерінің ашық сабақтары дөңгелек үстел, сұрақ-жауап түрінде өткізілді. Өзін-өзі тану пәніндегі 5 құндылықты айта отырып, толықтай айдарларын қолдана білді.

Өзін-өзі тану пәні бойынша өткен онкүндіктің жабылу салтанаты мектеп мәжіліс залында өтіп, оқушылар мадақтамалармен марапатталды.

Мектептің өндірістік жоспарына сай ақпан айының 11.02-21.02.2020ж күндер аралығында сынып жетекшілер мен тәрбиешілер онкүндігі жоспарланды. Онкүндік Ұлы Абайдың -175 жылдығына орай «Абай мұрасы –қазақтың қасиетті қазынасы» тақырыбында өтілді. 7 «а» сыныбында тәрбиеші А.Ашірбаева «Абай өлеңдері мен қара сөздеріне саяхат»; 7 «б» сыныбы «Ұлттық тәрбие –ұлт болашағы»тақырыбында тәрбиеші Е. Ермаханбетов; ал 7 «в» сыныбы тәрбиеші Қалметова Рахатпен «Знать обычай народа» тақырыбында сынып сағаттарын өтті.

8 сыныптар «Адалдық - ардың ісі»; «Ұлт тәрбиесі –ұлт болашағы»; «Наследие Абая –это наследие народа» тақырыптарында тәрбие сағаттарын жүргізді.

«Қазақ халқы –Абай халқы»; «Атқа міну мәдениеті»; «Жизнь бесценный дар»; «ҚР азаматының бейнесі»; «Болашаққа нық қадам»; «Откуда пришла книга нашу жизнь» тақырыптарында тартымды өз мақсаттарына жеткен тәрбиелік іс-шаралар өткізілді.

22.02.2020ж күні ұлдар кеңесі «Бүгінгі заман ер азаматының бейнесі қандай?» тақырыбында пікір алмасу; сегізінші сыныптар «Ауғанның асуында от кешкендер»тақырыбында әдеби кеш өткізді.

«Құқықтық сауаттылық ел болашағы»; «Адам сұлулығы неде?» тақырыптарында шығарма сайысы; «Қауіпсіз дөңгелек-2020»; «Отбасы шағын қоғам»; «Жақсы мен жаманды айыра біл»; «Ішімдік ішу өзіңді құрту » тақырыптарында іс –шаралар өтілді.

«Сенімділік кілті» бағдарламасына сай жұмыс жүргізу мақсатында 9 және 11 сыныптың оқушыларымен дамыту сабағы өткізілді. Мұнда оқушының өзіне деген сенімділігін арттыруға арналған бірнеше жаттығулар жасап, сабақ соңында жауап парақшасының дұрыс бояу ережелерімен таныстырылды. 11-сынып оқушыларының сынама тест барысында психологиялық жағымды ахуалын қалыптастыруда жекеленген оқушылармен релаксациялық әдіс ұйымдастырылды. Тренинг өту барысында әр оқушының іс-қимылы мен сөйлеуіне үлкен мән берілді, өйткені оқушы бойындағы эмоциясын ортасында көрсететіндіктен, жеке кеңес жұмысы жүргізілді.

9абв сынып оқушыларының өзара ұйымшылдығын қалыптастыру мақсатында мектеп АКТ залында «Сенім менің жанымда» атты дамыту сабағы өтті. Мақсаты – оқушылар арасында жағымды қарым-қатынас тудыру, сенімділікті арттыру. Сабақта оқушылар толығымен өздерінің ойларын ашып айтып, жаттығуларға белсене қатысты.

03.02-12.02.2020 ж. күндер аралығында «Өзін-өзі тану: Махаббат пен Шығармашылық педагогикасы» атты тақырыбында Республикалық дәстүрлі онкүндік өткізілді. Мақсаты – адам бойындағы мейірімділік, шығармашылық,

сабырлық тағы басқа да қасиеттерді дамыту болып табылады. Аталмыш онкүндіктің әрбір күнінде сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралар өтті. Мектептің әр шаңырақ қауымдастықтарының қатысуымен көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды. 9б сынып оқушыларымен «Ұжымдағы ынтымақтастық» тақырыбында сабақ өткізілді. Ондағы мақсат – ынтымақтастыққа даяр болу, өзара көмек және қолдау көрсету болып табылады. Сынып оқушылары арнайы дайындаған материалдарын көрсетіп, сахналық көріністер әзірлеп, талдау жасады. «Ұстазбен шәкірт арасындағы қарым-қатынас» тақырыбында орта буындағы ұстаздар мен 10а сынып оқушыларының қатысуымен тренинг ұйымдастырылды. Мақсаты – ұстазбен шәкірт арасындағы қарым-қатынасты нығайтуда, бойларына жағымды қасиеттерді сіңіру.

10 абв сынып оқушыларының өзара сенімділіктерін арттыру мақсатында «Алынбайтын асу жоқ» тақырыбында дамыту сабағы өткізілді. Сабақта оқушылар ойларын еркін жеткізіп, бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасады. Түрлі берілген техникалық жаттығулар мен тапсырмаларды топпен жоғары деңгейде орындап өтті.

Оқушыларды әдептілікке, сыпайылыққа, сыйластыққа, қамқорлыққа, татулыққа, сүйіспеншілікке, махаббатты бағалай білуге, жақсылық жасауға тәрбиелеу мақсатында 7-8 сыныптың тәрбиешілерімен бірлескен түрде «Менің икемділіктерім» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Онда қыздар мен ұлдар арасындағы сыйластықты жайлы мәселелер кеңінен талқыланып, сыныпта жылылық атмосферасы бар екені байқалды. Әр оқушының өз ойын жеткізуіне жағдай жасалып, икемділіктерімен бөлісті.

8-сынып оқушыларының Ортаңғы буын сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілеті, жылдамдығын анықтау мақсатында лабильдік тесті алынды. Тестте 42 тор көзде тапсырма беріледі, әр тапсырманы орындауға 2-3 секунд беріледі. Оқушылар жылдам қимылдау арқылы төмендегі нәтижені көрсетті.

8^{А,Б,В} сыныптан 69 оқушы қатысты.

4-5 қате жоғары лабильділік

6-10 қате орта лабильділік

11-16 қате төмен лабильділік

17-25 қате өте төмен лабильділік

«Қазақстан интернет олимпиадасына» математика пәні бойынша 12 оқушы қатысты. Нәтижесі бойынша 4 оқушы екінші кезеңге өтті.

05 ақпан күні Шымкент қаласында өткен «American Mathematics Competition» халықаралық математикалық олимпиадасына 12 оқушы қатыстырылды.

2020 жылғы 12 ақпан күні Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы ОҚМУ базасында 9-11 сынып оқушылары арасында өткен «III Менделеев олимпиадасының» облыстық кезеңіне 9-сынып оқушысы Сәбит Жеңіс қатысып, I орынды жеңіп алды.

2020 жылғы 16-23 ақпан аралығында Шығыс Қазақстан облысының (Өскемен қаласы) мамандандырылған білім беру ұйымдары базаларында өткен оқу-әдістемелік кеңеске ДИЖО А.Нурсейтов қатысып, әдіс алмасты.

Тарих, география пәндері бойынша «Алтын ұрпақ» облыстық олимпиадасына 34 оқушы қатыстырылды. Нәтижесі наурыз айында хабарланады.

Мектептің жылдық жоспарына сәйкес 25 ақпан мен 06 наурыз аралығын қамтитын «Жас мамандар онкүндігі» төмендегі жоспарға сай өткізілді.

Ақпан айының 28-29 күндері 8-сынып оқушылары арасында өткен «Қазақ математикасы» олимпиадасына 18 оқушы қатыстырылды.

Наурыз айының алғашқы екі аптасында ҰБТ-ға дайындық жұмыстары күшейтілген түрде төмендегідей бірнеше бағытта жүргізілді:

- 1.Әрбір пән бойынша қосымша дайындық сабақтарының саны арттырылды.
2. Төмен нәтиже көрсеткен оқушыларға пән мұғалімдерінің жеке қосымша сабақтары қойылды.
- 3.Оқушыларды электронды және қағаз формасындағы жаңа тест материалдарымен қамтуға көп мән берілді.
- 4.Әр апта сайын ҰТО дайындаған тест кітапшалары бойынша алынған байқау тестінің нәтижесі бойынша оқушыларға, ата-аналарға және пән мұғалімдеріне қозғау салып отыруға айрықша назар аударылды.
- 5.Байқау тесттерінен соң жеке қатемен жұмысқа көп мән берілді.
- 6.ҰБТ-ға дайындауда мол тәжірибесі бар білікті пән мұғалімдерінің шығармашылық есептері ұйымдастырылды.

10,11-сынып оқушыларынан ҰБТ байқау тесттері алынып, нәтижесі бойынша оқушылармен, пән мұғалімдерімен және ата-аналармен қажетті жұмыстар жүргізілді. ҰБТ байқау тестінде 11-сынып оқушыларының жалпы орта балы-123,3 болды.

11-сыныптың «Алтын белгі» белгісіне үміткер оқушыларының аталған белгіні алуға қажетті құжаттарын дайындау жұмыстары жүргізілді.

Мектепшілік басшылық пен бақылау кестесіне сәйкес айдың 1-аптасында ОЖСБ және ҰБТ-ға дайындық жұмыстары, Облыстық пән олимпиадасының қорытындысы, 2-аптасында Интернаттағы тәрбие жұмыстары мектеп әкімшілігі тарапынан тексерілді.

Оқушылардың білімін тереңдету курстары, қоғамдық үйірмелер т.б. шаралардың сапалы өтілуі үнемі қадағаланды.

Мұғалімдердің жеке құжаттарын, күнтізбелік, күнделікті сабақ жоспарларын, тақырыптық, әдістемелік талдауларын қадағалау жұмысы жүйелі түрде жүргізілді.

III-тоқсан қорытындысы бойынша барлық сыныптарға негізгі пәндер бойынша оқушылардың білім көрсеткіштеріне мониторинг жасалды.

Наурыз айының бірінші күні алғыс айту мерекесі біздің ортақ тарихымыздың символы, Қазақстан халқының жалпы ұлттық бірлігінің, құрметі

мен ынтымағының күні екенін түсіндіру үшін мектеп интернатта сап түзеу өткізілді.

Анаға деген сүйіспеншілікке,ананы құрметтеп,сыйлауға тәрбиелеу мақсатында7 «а» сыныбында «Аяулы анашым, мерекеңмен»,

7 «в» сыныбында «Ана өмірдің шуағы», 10 «в» сыныбында «Аналар асыл жандар» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.

03.03.2020ж күні 7 «б» сыныбында «Сәлем сөздің анасы»тақырыбында өтілген ашық сабақтың мақсаты амандасу салтының мазмұны жағынан өте бай ата дәстүр екенін ұғындыра отырып, адам бойындағы асыл қасиеттерді бағалай білу болатын.

«Әлемнің жарығын сыйладың сен маған» тақырыбындағы әдеби музыкалық іс шара 07.03.2020 ж күні 11 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен мектебіміздің акт залында өтті.

09.03.2020ж күні мектебіміздің дебат пікір сайыс клубының ұйымдастыруымен «Сен өз құқығыңды білесің ба?» тақырыбында дебат өтілді. Осы күні 8 «а» сынып тәрбиешісі Байымбетова Нарқалдың ұйымдастырумен «Бата алғанның бақыты бар» тақырыбында тартымды кездесу болды. 8 б сыныбында «Қазақ халқының қолөнері» тәрбие сағаты, 8 «в» сыныбында «Қазақ халқының тұрмыс салты» дөңгелек столы ұйымдастырылып өтілді. «Бүгінгі қазақ қызының бейнесі қандай?» тақырыбында 10 сыныптар арасында пікір алмасу өтілді.

Ортаңғы буын 7-8 сынып оқушыларының қарым-қатынас жасауда бір-біріне мотивация беру мақсатында тренинг ұйымдастырылды. Онда оқушылармен сыныптар бойынша жұмыс жүргізілді. 7а сыныбында «Жетістікке жетудің жолдары» атты тақырып төңірегінде видео көрсетіліп, сұрақтарға жауап алынды. Әрбір оқушы жетістікке жету үшін жанындағы жолдастарының көмегі қажет екенін сезіне алды. 7б сыныбында тілдің адам өміріндегі алатын орны мен рөлі туралы шағын әңгімелер баяндалып, пікір алмасу өткізілді. Бірнеше мысалдар келтіріліп, оқушылардың жағдаяттан шығу жолдары түсіндірілді. 8в сыныбында оқушыларға мотивациялық үзінді парақшалар таратылып, сөйлемнің соңын жалғастырып, өзара ой алмасты. 8а сынып оқушыларының жылдамдықтары, бірлесе жұмыс атқара білу іскерліктерін дамыту мақсатында А4 қағаздан көп қабатты үй салу ұсынылды. Бұл тапсырманы орындау барысында оқушылардың бір-бірімен бірлесіп, жетістікке жету жолдары іске асырылды.

8б сынып оқушыларымен «Бақытты өмір» атты тақырыпта дөңгелек үстел өткізілді. Мұндағы мақсат – оқушының отбасы құндылықтарын сақтап, қадірлей білу болып табылады. Сынып ұжымын үш топқа топтастырып, постер жасап, жұмыстарын қорғап өтті.

Арттерапия әдісін тиімді пайдалану үшін 7-сынып оқушыларымен «Менің отбасым» тақырыбында жұмыс жүргізілді. Оқушының шығармашылық қабілеттерін дамытып, отбасы мүшелерін гүлге теңеп салып өтті. Салынған суреттің реңктеріне, орналасу ретіне үлкен мән берілді. Интерпритация жүргізілді. Қорытындысы бойынша 025,3, 026,5 кодтағы оқушылар жеке кеңеске шақырылды.

9-11 сынып оқушыларымен алдын-алу жұмысын жүргізу үшін жауап парақтарын дұрыс пайдалану жайында түсінік жұмыс жүргізілді. Мақсаты – жауап парақшасын тиімді пайдалану болып табылады. Арнайы парақшалардағы варианттарды 10-15 минут ішінде белгілеп шығу тапсырылды. Оқушылармен сұхбаттасқанда басым көпшілігі қателесу мен жауап парағын дұрыс боямауда өздерінің сенімсіздіктері мен қобалжуларынан болатындығын айтты. Осы сұхбатқа сүйене отырып, аптаның белгіленген күндері 11 сынып оқушыларымен дамыту-түзету сабақтары ұйымдастырылды. Өтілген жаттығулар:

1. Топпен сәлемдесу;
2. Сұрағыма жауап бер!;
3. Тасбақа жүгірісі;
4. Бойдағы қорқынышты жеңу ойыны;
5. Болады, болмайды;
6. Иә, жоқ;
7. Мотивация парағы;
8. Рефлексия т.б.

Жүргізілген сабақтардан соң 11-сыныптың оқушылары қосымша жеке кеңеске келіп, сұрақтарына жауап алды.

Алдын-алу бағыты бойынша «Кактус» әдістемесін негізге ала отырып, ортаңғы буын сынып оқушыларымен арттерапия әдісі жүргізілді. Мұнда әр оқушының салынған суретін, қолдан жасаған коллаждарына интерпритация жасалды. Оқушылар ашық түстер көбірек қолданып, өмірге деген көзқарастарының жоғары, әрі жауапкершіліктерінің мол екенін көрсеткен.

Жоғарғы буын сынып оқушыларына арналған ынталандыру материалымен жұмыс ұйымдастырылып, бейнеленген көріністер бойынша жекеленген және топпен дамыту жұмыстары атқарылды. 10^Aсынып оқушыларын топқа бөліп (таң, түс, кеш, түн топтары), сол бойынша түрлі түсті қағазбен, красками бейнелеу тапсырылды. Сынып оқушылары өте белсенді және ойлары ұшқыр екенін танытты. Әр топта өзіне тән лидерлер болды. Олар: Бауыржан, Әсем, Мақсат, Дінмұхамед. Плакатта орналасқан бейнелерін мақалдармен қорғап өтті. Дәл осы жұмыс 10^Bсыныбында да орындалды. Бұл сыныптағы оқушылардың шығармашылық қабілеттері толығымен шыңдалмағандықтан, суреттерін толық қорғап бере алмады. Осыған орай сыныпта психотренинг ұйымдастырылды. Мысалы, «Айналым», «1-ден 10-ға дейін», «Детектив», сергіту сәттері. Жекеленген оқушыларға орындауға үй тапсырмалары берілді.

10-сынып оқушыларына арналған «Менің жетістігім, менің жеңісім» атты психологиялық тренингі жүргізілді. Мақсаты – кезкелген жағдайдағы іс-әрекеті мен өзіне деген сенімділігін қалыптастыру болып табылады. Орындалған жаттығулар:

1. «Қарауыл»;
2. «10 жылдан кейінгі кездесу»;
3. Ситуациядан шығу икемділікті анықтау;
4. «Бір уыс кедергі»;
5. «5 құндылық»;

6. «Детектив»;
7. «Алтын білезік».

Сұраныс жас мамандар мен ортаңғы буынның тәрбиешілерінен келіп түсті. Осы бағытта жұмыс жасалып, топпен және жекеленген түсінік жұмысы жүргізілді. Кеңес беру бағыты бойынша М – 1, Т – 2, О – 9 кеңес берілді.

Ө.Жолдасбеков атындағы математикадан және механикадан зерттеу жұмыстарының халықаралық конкурсына 11а сынып оқушысы Дүйсен Нұржігіт қатысып І дәрежелі дипломымен марапатталды.

Таэквон-до ITF ашық турниріне қатысқан 9 сынып оқушысы Гупрахунов Шахзод І дәрежелі дипломымен және алтын медалімен марапатталды.

06.03.2020ж. күні «Аналарды ардақтайық» тақырыбында мерекелік іс –шара өткізілді. Мақсаты: оқушылардың анаға деген сүйіспеншілік сезімдерін артыру,ананы құрметтеуге,силай білуге, адамгершілікке,ізгілікке баулу, тұлға бойындағы жеке қабілеттерімен талантарын дамыту, қатысушылардың өз ойын ашық жеткізуге, бір-бірінің пікірін құрметтеуге бейімдеу, жеке тұлғаның рухани өсуіне тәрбиелік-педагогикалық жағдай жасай отырып , өмірдің құндылығын ұғынуға тәрбиелеу.

Дарынды балалармен жұмыс істеудің концепциясы

Ж.Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернатының жұмыстарының бағдарламасы.

Ғылыми жетекшілер: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университеті,

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

1. Дарынды балалармен жұмыс істеу проблемасы.
2. Дарынды балалармен істелінетін жұмыстың мақсаты мен міндеті.
3. Білім беру жұмыстарын ұйымдастыру кезеңдері.
- Дарынды балалармен жұмыс істеудің мақсаты мен міндеттерін айқындау.
- Жұмыстың сапасы мен көрсеткіштеріне талдау жасау.
- Жұмыс нәтижесіне талдау жасау арқылы қорытынды жасау. Ұсыныс пікірлерді жинақтау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 16 қыркүйектегі №1125 қаулысына сай Қазығұрт ауданы Ж.Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясына, Қазақстан Республикасы Заңдарына және «Дарынды балаларға арналған арнаулы мектеп туралы» Ережеге сәйкес жұмыс атқарады.

Қазығұрт ауданы Ж.Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты оқу-тәрбие мекемесі болып табылады. Онда 7-ші сыныптан бастап 11-ші сынып аралығында дарынды балалар облыс көлемінде қамтылып жалпы орта білім беру міндеттері іске асырылады. Оқушылардың табиғи және жан-жақты дамуына жағдай жасау қызметін атқарады.

Ж.Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты проблемасы: оқушылардың жеке қабілетімен, қалауына қарай оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру және оқушының жеке шығармашылық қабілетін дамыту.

Ж.Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты мақсаты мен міндеттері:

Оқушыларды, жеке ерекшеліктері мен қабілетіне қарай жүйелі, үздіксіз және жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, оқытып тәрбиелеу.

Оқушыларды жеке қабілетіне қарай өз қалауы бойынша физика-математикалық бағытта оқыту. Онда математика, физика, есептеу техника негіздері пәндерінен тереңдетілген бағдарламамен оқыту, ғылыми жұмысқа бейімделуіне және жоғары оқу орнында оқуға әзірліктің кәсіптік негіздеріне баулу, қалауына қарай мүмкіндік жасау.

- Қабілетті, дарынды, зерек оқушыларды саралап оқыту.
- Оқушының жеке қабілетін зерттеу. Оның табиғи мүмкіншіліктерін және жан-жақты дамуын бағдарлап отыру.
- Қабілетті, дарынды, зерек оқушылардың жеке шығармашылық қабілетінің дамуына жағдай жасау.
- Оқушылардың талап тілегі мен қалауына қарай әлеуметтік сұранымына қарай терең білім алуын таңдауына қарай, техникалық және жаратылыстану пәндері бойынша тереңдетілген бағдарламамен жан-жақты білім алуына мүмкіндік жасау.
- Оқушыларда әлеуметтік және адамгершілік көзқарасты қалыптастыруда тәлім-тәрбие жұмыстары жүзеге асырылады. Қазақ халқының ұлттық мәдениеті, салт-дәстүрлерімен әлем халықтарының мұраларына құрметпен қарауға адамгершілік, эстетикалық жағынан дамуына және Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігінің дамуына жағдай жасалады.

Ж.Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернатының оқу-тәрбие жұмыстарының мақсаты мен міндеті, оқу жоспары және оқу бағдарламалары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен “Дарынды балаларды оқытатын білім мекемелерінің типтік оқу жоспары” негізінде жасалынып: математика, физика пәндері арнайы бағдарлама бойынша оқытылады.

Оқушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында біртұтас оқу-тәрбие жұмысының үйлесімді жүйесі іске асырылады. Оқушы психологиялық, дәрігерлік жағынан бақылауға алынып, дене ақыл-ой және қабілетінің дамуына ықпал жасалынады. Оқу-тәрбие процесі ғылыми әдістемелік жағынан жоғары оқу орындарымен байланыс жасай отырып қамтамасыз етіледі. Мектеп – интернатта сабақ беретін барлық мұғалімдер конкурстық жүйеде ең білікті, тәжірибелі, іскер мұғалімдер қабылданады және мұғалімдер сабақ беру барысында арнайы бағдарламалармен өтеді. Тәрбие жұмыстарында қазақтың салт-дәстүрлері мен тәлім-тәрбиесі, тарихы кенінен қолданылады. Әрбір оқушыны дамыту үшін жағдайлар жасау, оның интеллектісін байыту бағытында жұмыстар жүргізіледі. Ол үшін жалпы білім беретін пәндердің сабақтастығы үздіксіз қамтамасыз етіліп, олардың қызығушылығы мен қалауына қарай математика, физика, информатика пәндерін бағдарлап оқытылады. 7-ші және 8-ші сыныптарда оқушылар психологиялық жағынан бақылауға алынып, жалпы даму ерекшеліктері мен қабілеттері анықталады. Оқушылардың жеке шығармашылығын дамытумен бірге қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлерді оқып-үйрену жүзеге асырылады. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен тәлім-тәрбие тарихы пәндері оқытылып, білім берудің зиялылық сипаты іске асырылады.

Оқушылар сабақтан тыс уақытта қалауына қарай спорт, көркемөнерпаздар, техникалық үйірмелерге қатынасады, жан-жақты дамуына және жетілуіне ықпал жасалынады.

Мектеп-интернатта оқыту мен тәрбиенің бірлігі және үздіксіздігі қамтамасыз етіледі. Әрбір сынып топтарында мұғалімдер мен психолог бірлесе отырып, олардың зейіні, ынтасы, бейімділігі, қабілетінің дамуына, олардың бойында еңбек және қоғамдық қызмет дағдыларын сіңіру, ғылымға қызығушылығын қалыптастыру, мемлекеттік білім стандарт талаптары негізінде білім сапасын арттыру, жан-жақты дамуына жағдай жасау іске асырылады. Білім беруде және тәрбие жұмыстарында озат тәсілдер мен технологиялар қолданылады. Әрбір оқушыға психологиялық жағынан диагностикалық талдау жасалынады.

Блок – модульдік жүйені, рейтингтік жүйелер және әр оқушының біліміне диагностикалық талдау жасалынады. Білім мен тәрбие берудің тиімділігі мен тәсілдерін жетілдіру мақсатында пән әдіс бірлестік жүйесі жұмыс атқарады.

1. Физика-математика пән әдіс бірлестігі
2. Гуманитарлық пән әдіс бірлестігі
3. Жаратылыстану пән әдіс бірлестігі
4. Сынып жетекшілер пән әдіс бірлестігі
5. Эстетикалық пән әдіс бірлестігі

Мектеп–интернатына қабылданатын оқушылар арнаулы кешенді тест тапсырады. Тест сұрақтары оқушылардың қалауынша яғни қай бағытта оқуына байланысты беріледі. Мектеп-интернатта оқушылардың пәндік олимпиадаға және ОҒҚ, КҒА конкурстарына қатысуына және дайындалуына мүмкіндіктер жасалынады.

Мектепте мұғалімдерден шығармашылық топ түзіліп, бұл мұғалімдер өздерінің шығармашылық жұмыстарымен бірге оқушыларды да ғылыми жұмыстармен жұмыс істеуге бағыт-бағдар беріп отырады. Әдіс бірлестіктер оқушыларға білім беруде мұғалімдерге бағыт беріп отырады. Олар Қараевтың деңгейлеп оқыту немесе модульдеп оқыту, дамыта оқыту, саралап оқыту сияқты жаңа технологияларды пайдаланып оқытуда, мұғалімдерге көмек көрсетіп және оны талқылап отырады. Мектепте әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін, табиғи интеллектілік қабілеттерін дамыту, қабілеттіліктің тек осы оқушыға тән ерекшеліктерін ескере отырып, шығармашылық тұлға қалыптастыру үшін ерекше жағдайлар жасалынады.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының талаптарына сай білім беру саясатын жүзеге асыруда тәлім-тәрбиенің принциптері: адамгершілік, дамыта оқыту, жеке дара оқыту, дифференциалды оқыту, жүктемелік оқыту, үздіксіздік принциптері сақталынады.

Дарынды балалармен жұмыс істеудің барысында мына төмендегідей міндеттер іске асырылады.

- Оқушылардың табиғи интеллектілік қабілеттерін жан-жақты дамыту;
- Оқушылардың арнайы шығармашылық қабілетін айқындау және дамыту;
- Оқушының тиянақты ынта-ықыласын және өз бетімен білім алуын дамыту;
- Оқушыларды ғылым негіздерінің терең және жан-жақты меңгеруі негізінде тұрақты дүние-танымын қалыптастыру;
- Оқушының өз бетінше білім алу дағдысын және ғылыми зерттеуге үйрету, сондай-ақ тұлғаның шығармашылық күш-қуатын дамыту;
- Кәсіби білім бағдарламасын игеруге және кәсіп түрін саналы таңдауға, қоғамдық өмірге бейім, жоғары мәдениетті, зерделі тұлғаны қалыптастыру.
- Білім беруді жүзеге асыруда, адамгершілік дамыта оқыту, жеке-дара оқыту, дифференциалды оқыту, білім берудің үздіксіздігі және тәрбиелік принциптері сақталынады.
- Жалпы білім беретін пәндер сыныптық топтар негізінде оқытылады.
- Оқушылар үш тілде еркін сөйлейді.

Түстен кейін балалар қабілеттеріне қарай саралап оқытылады, олимпиада, байқауларға дайындық сабақтары, арнайы курстар жүргізіледі.

Оқу жоспары, оқу бағдарламаларының мазмұнына ғылыми-әдістемелік жағынан профессор оқытушылардың көмегі ұйымдастырылады. Ғылыми әдістемелік ұсыныстарды, жаңа мазмұндағы оқыту формалары мен блоктың модульдік жүйелерін жетілдіру мұғалімдердің жаңа технологиямен жұмыс істеудің шығармашылық лабораториясы ұйымдастырылады. Оқушылар ғылыми зерттеушілік жұмыстарына бейімдеп, ғылыми-зерттеу жұмыстарына, олимпиадаларға, конкурстарға дайындап, қатыстырылады. Оқушылардың қысқы, көктемгі, күзгі каникул кездерінде лабораториялық, практикалық сабақтарын университет базасында ұйымдастыру көзделген. Әрбір оқушының жеке табиғи интеллектілік қабілетін дамытып, ғылым негіздерін терең оқыту, шығармашылық тұлға қалыптастыру мақсатында ғылыми-әдістемелік семинарлар өткізіледі. Мектеп ұжымы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының талаптарына сай оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын жоғары деңгейге көтереді. Оқушылардың белсенді әлеуметтік, адамгершілік көзқарасы қалыптастырылады. Халқымыздың ұлттық мәдениеті, салт-

дәстүрлері мен әлем халықтарының мұраларына құрметпен қарауға адамгершілік, эстетикалық жағынан дамуына жағдай жасалады. Тәрбие жұмыстарында қазақ халқының салт-дәстүрлері мен тәлім-тәрбие тарихы кеңінен қолданылады.

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының іске асырылуы.

қ/с.	Жұмыстың мазмұны	Уақыты	Орындаушы
1.	Қ.Р.Үкіметінің «Дарынды балаларға арналған арнаулы мектеп туралы Ережеге» сай аудан мектептеріндегі дарынды, қабілетті және зерек балаларды айқындау мақсатында кешенді тест арқылы 7 сынып оқушылары арасында сынақ-емтихандарын өткізу.	мерзімінде	Дир.оқу ісі жөніндегі орынбасары
2.	Атбұлақ елді мекенінен тыс жерден қабылданған оқушыларды жатақханаға орналастыру.	кезінде	Жатақхана мең
3.	Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
4.	Оқушыларды алфавиттік кітапқа тіркеу, оқушылардың қозғалысына бұйрық жазу.	5 қыркүйекке дейін	Дир.оқу ісі жөніндегі орынбасары
5.	Оқушылардың ісқағаздарын ретке келтіру.	5 қыркүйекке дейін	Дир.оқу ісі жөніндегі орынбасары
6.	Оқу кабинеттерін көрнекі дидактикалық құралдармен толықтыру.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
7.	М.Әуезов атындағы ОҚМУ – мен байланыс жасап, келісім шартқа сәйкес жұмыстарды іске асыру.	қыркүйек	Мектеп әкімшілігі
8.	Жатақханада орналасқан оқушылардың ыстық тамағын, орналасқан бөлмелерінің санитарлық жағдайларын бақылау.	кезінде	Мектеп әкімшілігі, тәрбиешілер
9.	Жылу жүйелерінің, жылыту қазандығының қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету.	Қысқы мерзім	Мектеп әкімшілігі
10.	Мектеп бітірушілерін ҰБТ-ға дайындау	Жыл бойы	Дир.оқу ісі жөніндегі орынбасары
11.	Облыстық, аудандық газеттерде бетінде дарынды балаларды қабылдау мақсатында мақалалар жариялау, сынақ емтиханын өткізу туралы елді мекендерде мектептерде хабарландырулар мен жарнамалар жариялау.	мамыр	Дир.оқу ісі жөніндегі орынбасары
12.	Дарынды балаларды айқындау мақсатында, кешенді тест өткізу мақсатында комиссия құру.	Сәуір	Дир.оқу ісі жөніндегі орынбасары
13.	Кешенді тест қорытындыларын ата-аналар мен оқушылар алдында дер кезінде хабарлап отыру.	Тест өткен күні	Дир.оқу ісі жөніндегі орынбасары
14.	Тест қорытындысы бойынша іріктелген балалардың ата-аналарының жиналысын өткізу.	маусым.	Дир.оқу ісі жөніндегі орынбасары Дир.тәр жөн. орынбасары
15.	Оқушыларға қажетті оқулықтарға тапсырыс беру.	25 тамызға дейін	Мектеп әкімшілігі
16.	Оқушыларды дәрігерлік байқаудан өткізу.	29 тамызға дейін	Мектеп әкімшілігі
17.	Мектеп жанындағы асханада ыстық тамақ ұйымдастыру.	кезінде	Мектеп әкімшілігі

18.	Тұрмысы нашар жанұя балаларын есепке алып міндетті оқу қорынан жәрдем ұйымдастыру.	Жыл бойы	Дир.тәр жөн. орынбасары
19.	Сынып бөлмелері мен кабинеттерде санитарлық-гигиеналық нормалар талаптардың орындалуын қамтамасыз ету.	Жыл бойы	Дир.тәр жөн. орынбасары
20.	Оқушылардың жазу, сызу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау.	Жыл бойы	Дир.тәр жөн. орынбасары

Мектеп әкімшілігі мүшелерінің міндеттері:

Ж.Ахмедов – мектеп директоры

Кадрларды іріктеу және орналастыру;
Орынбасарлардың жұмыстарына басшылық;
Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы», «Тіл туралы» заңдарының орындалуын қадағалау;
Педагогикалық кеңес. Директор жанындағы кеңес. Интернат жұмысына басшылық. Аттестация, озат тәжірибені ендіру, тарату, тереңдету курстары, оқу бағдарламалары. Оқу жоспарларына басшылық жасау;
Шаруашылық жұмыстарына басшылық.
Мектептің әлеуметтік-экономикалық дамуы.
Шаруашылық, ауылдық әкімдік және қоғамдық ұйымдармен байланысы.
Ата-аналар комитеті.
Ішкі еңбек тәртібін, мектептің жарғысының, заңдылықтың және қауіпсіздік ережелерінің орындалуы. Мұғалімдердің білім көтеруі, оқу-тәрбие процесіндегі жаңаша инновация жұмыстары. Оқу процесін өнімді еңбекпен ұштастыру, өзін-өзі қаржыландыру жұмыстары. Мектептің материалдық-техникалық базасы, финанс жұмыстары, бухгалтерияға басшылық.

Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары М.Жамантаевтың лауазымдық нұсқаулығы

1. Жалпы ереже

- 1.1. Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарын мектеп директоры қабылдайды және босатады. Демалыста, басқа жағдайлар мен жұмыста болмаған жағдайда міндеттері тәрбие жұмыстары бойынша орынбасарына, тәжірибелі педагогтардың бұйрығы негізінде және еңбек заңнамаларына сәйкес жүргізіледі.
- 1.2. Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары білімі жоғары, пед.еңбек өтілуі 5 жылдан кем болмауы тиіс.
- 1.3. Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары тікелей директорға бағынады.
- 1.4. Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарына пән мұғалімдері, ҰҚ тәрбиешілері, қосымша білім беру педагогтары бағынады.
- 1.5. Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары қызметі барысында ҚР Конституциясы, Білім Заңы, ҚР “Тілдер туралы” Заңы, Еңбек туралы Заң, Бала құқығы туралы Конвенцияны, ҚР Президентінің жарлығын, ҚР Үкіметінің қаулысын, басқа да нормативтік – құқықтық құжаттарды басшылыққа алады.

2. Қызметі

Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының қызметі төмендегіше бағыттарды құрайды:

- 2.1. Мектепте оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және жүргізуін қадағалау;
- 2.2. Пед ұжымға әдістемелік басшылық жасайды;

